Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11550 тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді бес жұмыс күні ішінде ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрі
_____ Т. Дүйсенова
2015 жылғы 19 мамыр
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы 27 мамыр
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
2015 жылғы 29 мамыр
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____ Қ. Қасымов
2015 жылғы 21 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі
міндетін атқарушының
2015 жылдың 26 наурыздағы
№ 349 бұйрығымен бекітілген

Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабының 23-8) тармақшасына сәйкес әзірленді және жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады және барлық жеке және заңды тұлғалар үшін меншік нысандарына қарамастан міндетті болып табылады.

3. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – жеңіл автокөлік құралдарын қоспағанда, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарына иелік ететін, жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2) ақпараттық-диспетчерлік такси қызметі – клиенттердің тапсырыстарын өңдеуге және оларды таксимен тасымалдаушының орындауына, оның ішінде аппараттық-бағдарламалық кешенді және (немесе) таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасын қолдана отырып беруге арналған, Қазақстан Республикасының дара кәсіпкері немесе заңды тұлғасы болып табылатын тасымалдаушы немесе өзге де тұлға құратын қызмет;

3) багаж түбіртегі – багажды автомобильмен тасымалдау шартының жасалғанын, сондай-ақ тасымалдаушының багажды сақтауға немесе тасымалдау үшін қабылдағанын растайтын құжат;

4) багажды автомобиль – жолаушылар мен жүкті тұрақты автомобильмен тасымалдау маршруттарында жолаушылардың багаждарын (жүктерін) тасымалдауға арналған жүк автомобилі;

5) борт журналы – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нөмірленген және тігілген, тасымалдаушының мөрімен бекітілген жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралында болатын журнал, оған автокөлік құралының рейс алдындағы техникалық тексеруден және жүргізушінің рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық куәландырудан өткені туралы белгілер қойылады;

6) диспетчерлік жүйе – жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының қозғалысы туралы нақты уақыт режимінде үздіксіз ақпарат алуға мүмкіндік беретін жүйе;

7) диспетчерлік жүйе операторы – диспетчерлік жүйені ұйымдастыру және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлғалар;

8) жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері (аялдау пункті) – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жайластырылған, жолаушыларды отырғызу және түсіру мақсатында автокөлік құралдарының аялдауына арналған жол бойындағы белдеу учаскесі;

9) жол жүру құжаты (билет) – ресімдеу жолымен жолаушыны тасымалдау шарты жасалатын қағаз немесе электрондық нысандағы құжат;

10) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесі-автомобиль көлігі саласындағы тасымалдау қызметіне байланысты құжаттарды тіркеуді, өңдеуді, сақтауды, есепке алуды және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға және тасымалдау процесіне қатысушыларға осындай құжаттар туралы ақпаратты беруді қамтамасыз ететін зияткерлік көлік жүйесінің компоненті;

11) қауіпті учаскелер – автомобиль жолдарының жүріп өткенде жол-көлік оқиғасы болуының жоғары қаупі туындайтын немесе қозғалыс режимінің елеулі өзгерістеріне байланысты учаскелері;

12) қозғалыс кестесі – жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршрутының әрбір аялдама пункті бойынша автобустардың, шағын автобустардың, троллейбустардың қозғалыс орны мен уақыты туралы мәліметтерді қамтитын құжат (кесте, графикалық бейне);

13) қолмен жуу – автокөлік құралдарын су берудің жоғары қысымды аппараттарын, су жеткізу жүйелерін және (немесе) ыдыстардағы суды пайдалану арқылы қолмен жуу;

14) маршрут – автобустың, шағын автобустың, троллейбустың белгіленген бастапқы, аралық және соңғы аялдама пункттері арасында белгіленген жүретін жолы;

15) маршрут схемасы – аялдау пункттері, олардың ара қашықтықтары, сондай-ақ оларға тән бағдарлар (жол айрықтары, қиылыстар, теміржол өтпелері, көпірлер және тоннельдер) көрсетілген маршруттың графикалық шартты бейнеленуі;

16) механикаландырылған жуу – жуу құрамы және суды жеткізу үшін құрылғылармен, айналатын және (немесе) қозғалатын щеткалармен, сондай-ақ желдеткіш құрылғысымен жарақтандырылған арка үлгісіндегі ауыстырылатын тетіктерден тұратын автокөлік құралдарын автоматты жуу;

17) рейс – маршруттың бастапқы пунктінен соңғы пунктіне дейінгі автобустың, шағын автобустың, троллейбустың жолы;

18) спутниктік навигация аппаратурасы – көлік құралына жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары бойынша оның ағымдағы орналасқан жерін, жүру бағыты мен жылдамдығын айқындау, қосымша борт жабдығымен деректер алмасу үшін, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желілері бойынша ақпарат алмасу үшін орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;

19) такси тасымалы – жеке кәсіпкердің немесе меншік құқығында немесе басқа заңды негіздерде автомобильге иелік ететін заңды тұлғаның жолаушылар мен багажды ақылы немесе жалға тасымалдау үшін көрсететін қызметі;

20) таксимен тасымалдаушы – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

21) таксиге тапсырыс берудің мобильдік қосымшасы – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және таксиге тапсырыс беруге және көлік

құралын экипажымен қоса жалға алуға ұялы байланыс қызметтері немесе Интернет арқылы қолжетімділік берілетін бағдарламалық өнім;

22) таксометр – жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдау құнын (бағасын) есептеуге арналған құрылғы;

23) техникалық аялдама – автобустар мен шағын автобустардың жолаушыларды маршруттан түсіруді және маршрутқа отырғызуды көздемейтін аялдамасы;

24) үшінші жақ - жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдауды ұйымдастыру туралы келісім жасасқан тасымалдаушыны, ал жолаушылар мен багажды тұрақты халықаралық автомобильмен тасымалдау кезінде маршрутқа қызмет көрсетуге рұқсат алған тұлғаны қоспағандағы тұлға.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Ұйымдастыру сипаты бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау тұрақты, тұрақты емес және таксимен тасымалдау болып бөлінеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-1. Жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау әкімшілік-аумақтық белгілеріне қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қалалық (ауылдық) – елді мекеннің белгіленген шекарасының шегіндегі тасымалдау;

2) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап есептелетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақтағы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

3) ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендердің арасындағы тасымалдау;

4) ауданаралық (облысішілік қалааралық) – бір облыс шегіндегі, әртүрлі аудандардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалалармен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау;

5) облысаралық қалааралық – әртүрлі облыстардағы елді мекендердің арасында жүзеге асырылатын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау.

Ескерту. 1-тарау 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау – тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды пайдалана отырып, алдын ала келісілген жол жүру маршруттары, бастапқы және соңғы пункттері,

жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері белгіленген қозғалыс кестелері бойынша жүзеге асыратын тасымалдар.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын көлік құралдары (автобустар, шағын автобустар немесе троллейбустар) алдын ала анықталады.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде маршруттан ауытқуға жол берілмейді.

6. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдама парағын қағаз немесе электрондық-цифрлық құжат түрінде ресімдейді.

Жолдама парағын қағаз тасығышта ресімдеу кезінде тасымалдаушы оның Көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынастағы автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау лицензиарға берілген лицензияға қосымшада көрсетілген автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жолаушылар тасымалы жүзеге асырылатын автобустардың, шағын автобустардың жылжымалы құрамының бірлігі өзгерген жағдайда, лицензияға қосымша қайта ресімдеуге жатады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 3-8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Тұрақты емес тасымалдау жеке және заңды тұлғалардың бір жолғы тапсырысы (өтінімі) бойынша жүзеге асырылады. Мұндай тасымалдауға: туристік, экскурсиялық, іс-шараларға қызмет көрсету жатады.

Бір жолғы тасымалдау белгілі бір кезең ішінде шарттық негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бір жасқа толған, " D1" кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы және кемінде үш жыл

жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "С" санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.

Ескерту. 1-тарау 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-2. Жүргізушінің орнынан басқа, отыратын орындар он алтыдан астам болатын автобустармен және троллейбустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бес жасқа толған, кемінде бес жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде үш жыл "D1" кіші санатына жатқызылатын көлік құралдарын басқару өтілі бар жүргізушілер жіберіледі.

Ескерту. 1-тарау 8-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын көлік мүгедектігі бар жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған құрылғылармен жабдықталады.

Ескерту. 1-тарау 8-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-4-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының ашылу және жабылу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Маршруттарды ашу және тізілімін жүргізу тәртібі

9. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, жеке және заңды тұлғалар жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарын ашу бастамашылары бола алады.

10. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарын ашу жөніндегі мәселелерді шешу үшін бастамашы маршрут схемасы мен ол бойынша қозғалыс кестесін әзірлейді және оларды тасымалдауды ұйымдастырушыларға:

тұрақты халықаралық маршруттар бойынша – автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік) және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада қалалық және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша – аудандардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жібереді.

11. Егер:

1) автомобиль жолдарының өткізу қабілеті белгілі бір маршруттар бойынша автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

2) автомобиль жолдарының жай-күйі және оларды жайластыру жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келсе, жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдаудың маршруттары ұйымдастырылуы мүмкін.

12. Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тұрақты тасымалдаудың маршруттық желісін қалыптастырған кезде, жергілікті атқарушы органдар кенттермен, селолармен аудан орталықтары арасындағы және аудан орталықтары мен облыс орталықтары және облыстық маңызы бар өзге де жақын қалалар арасындағы байланыс басымдылығын басшылыққа алады.

13. Қалыптастырылатын маршруттар желісі (халықаралық, қалалық және қала маңындағы маршруттардан басқа) мынадай шарттарға сәйкес келеді:

1) қосарланған маршруттар автобустары арасында жоспарланған жүру интервалы бойынша:

150 км дейінгі қосарлану ұзақтығы кезінде 1 сағаттан артық;

350 км дейінгі қосарлану ұзақтығы кезінде 2 сағаттан артық;

500 км дейінгі қосарлану ұзақтығы кезінде 3 сағаттан артық;

500 км артық қосарлану ұзақтығы кезінде 4 сағаттан артық болуы тиіс;

2) жетпіс бес пайыздан артық қосарлану учаскесінде автобустардың орташа сыйымдылығын пайдалану кезінде уақыт бойынша айырмашылығы:

150 км дейінгі қосарлану ұзақтығында 10 минутқа дейін;

350 км дейінгі қосарлану ұзақтығында 15 минутқа дейін;

350 км артық қосарлану ұзақтығында 20 минутқа дейін қысқартылады.

14. Жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау маршруттарында (халықаралық қатынастардан басқа) барлық маршруттардың ұзақтығында автобустардың орташа жылдық толтырылуы жетпіс бес пайыздан артық болған кезде тасымалдауды ұйымдастырушы тасымалдаушылардың немесе жолаушылардың өтініші бойынша қосымша қозғалыс кестесін енгізу туралы шешім қабылдайды. Жолаушылар мен багажды тасымалдаудың қосымша қозғалыс кестесі "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-тармағына және 14-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйес құзіретті органдармен бекітіледі.

Қосымша қозғалыс кестесі бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау, осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушымен жүзеге асырылады.

Тасымалдаушы қосымша қозғалыс кестесіне қызмет көрсетуден бас тартқан немесе маршрутқа екі және одан көп тасымалдаушы қызмет көрсеткен (бір тараптан) жағдайда , жергілікті атқарушы органдар осы қозғалыс кестесін конкурстық негізде осы маршрутқа қызмет көрсету жөніндегі шарттың қолданылу мерзіміне бөледі.

15. Ұзақтығы 300 км-ге дейінгі тұрақты қалааралық облысаралық маршруттарда автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша автобустардың, шағын автобустардың еркін қозғалысы бойынша жолаушыларды және багажды тасымалдауды жүзеге асырудың тұрақты кезеңін көрсете отырып, қозғалыс кестесін бекітеді. Автобустардың, шағын автобустардың еркін қозғалысы бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау, осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушымен жүзеге асырылады.

16. Жаңа республикаішілік маршруттарды ашу кезінде келісу мынадай сатыға сәйкес жүзеге асырылады:

қалааралық облысаралық;

ауданаралық (қалааралық облысішілік);

қала маңындағы және ауданішілік.

16-1. Екі және одан да көп тасымалдаушылармен жаңа халықаралық маршруттарды ашуға бір уақытта өтінім беру кезінде, автобустың қозғалыс кестесінің айырмашылығы бойынша бастапқы және аралық пункттері ұзақтығы 250 км дейін 15 минуттан аз және 250 км асатын 1 сағаттан аз уақытты құраса, басымдылық осы қатынас түрінде көп тәжірибесі бар тасымалдаушыға беріледі.

Ескерту. 1-параграф 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау осы Қағидалардың 3-қосымшасыдағы нысанға сәйкес жолаушылар мен

багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған куәлік (бұдан әрі – Куәлік) негізінде жүзеге асырылады.

18. Жергілікті атқарушы органдар трафиктің көлемін зерттеу үшін жаңа қалалық, қала маңындағы, ауданішілік және ауданаралық (қалааралық облысішілік) маршруттар ашқан кезде тұрақты маршруттардың сәйкес типінде қызмет көрсететін тасымалдаушыны анықтайды, бұл маршрут екі ай бойы қызмет етеді.

Зерделеу нәтижесі бойынша 10 жұмыс күн ішінде маршрутты ашу немесе ашпай туралы шешім қабылданады.

Ашылған жағдайда осы Қағидаға 154-тармаққа сәйкес мерзімде, осы маршрутқа қызмет көрсету құқығына тиісті конкурс өткізу туралы жұмыс жүргізіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Халықаралық және қалааралық облысаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау маршруттары тасымалдаушының маршрутты ұйымдастырушыға, тасымалдауды тоқтатуды жобалау уақытына дейін 2 айдан кем емес жазбаша үндеуі бойынша жабылады.

Халықаралық және қалааралық облысаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау маршруттары тасымалдаушының маршрутты ұйымдастырушыға, тасымалдауды тоқтатуды жобалау уақытына дейін 3 айдан кememес жазбаша үндеуі бойынша жабылады.

Қалалық (селолық), қала маңындағы, ауданішілік, ауданаралық (қалааралық облысішілік) жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау маршруттары олар бойынша жүруге тұрғындардың мұқтаждығы болмаған жағдайда маршрутты ұйымдастырушылармен жабылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Облыстың жергілікті атқарушы органдарымен жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік) және қала маңындағы тұрақты тасымалдаудың маршруттары бойынша қозғалыс кестесі келісілген кезде маршрут бойынша деректер осы Қағидалардың

21-тармағына сәйкес тиісті тізілімге енгізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Маршруттарды ұйымдастыру мен есепке алуды жоспарлау мақсатында:

1) автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган – жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық және қалааралық облысаралық тұрақты тасымалдау маршруттарының;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары – жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік), республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттарының;

3) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары – жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

22. Тізілімдер маршруттардың мынадай негізгі сипаттамаларын:

1) халықаралық маршруттар үшін:

тікелей және кері қайту бағыттарындағы қатынас және шығу уақытын көрсетумен маршруттың атауын;

Қазақстан Республикасы аумағы бойынша тікелей бағыт және шет мемлекеттің аумағы бойынша кері бағыттағы уақытын көрсетумен аралық пункттердің атауын;

тасымалдаушы туралы мәліметтерді (атауы, мекенжайы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда), тасымалдауды ұйымдастырудағы жауапты басшының немесе адамның телефондары);

берілген рұқсат құжаттарының берілген күні және қолданудың аяқталу мерзімін;

маршрутқа қызмет көрсету кезеңін (жыл бойы, маусымдық);

мемлекеттік тіркеу нөмерлері, маркасы және шығу жолын көрсетумен, сондай-ақ негізгі және резервке бөлумен жылжымалы құрам туралы мәліметті;

2) республикаішілік маршруттар үшін:

Бастапқы және соңғы пункттерінен шығу уақытын көрсетіп маршруттың нөмірін (қалалық (ауылдық) және қала маңындағы) және атауын;

тікелей және кері қайту бағыттарындағы маршруттағы пункттер бойының санын және атауын;

тікелей және кері қайту бағыттарындағы маршрут ұзақтығын;

маршрутқа қызмет көрсету кезеңдерін: жыл бойы, қосымша (белгілі бір күндерде немесе тәуліктің кезеңдерінде қолданылатын (қалалық маршруттар үшін демалыс, мереке күндері немесе "қауырт" сағаттар), маусымдық (алдын ала белгіленген уақыт аралығы ішінде қолданылатын (саяжай кезеңінде, демалыс аймақтары, жолаушылар ағыны жоғарылаған кезеңде жұмыс істеген кезде);

жолаушылар және жалпы отыруға арналған орындар бойынша автобустардың маршруттағы автобустардың, шағын автобустардың класы және паспорттық сыйымдылығын (қалааралық облысаралықтан басқа, жинақтау алаңшасының сыйымдылығын ескере отырып);

тасымалдаушы туралы мәліметтерді (атауы, мекенжайы, тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда), тасымалдауды ұйымдастырудағы жауапты адамның және басшының телефондары) және оған берілген рұқсат құжаттарының қолдану кезеңін қамтиды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдау

23. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдау жергілікті атқарушы органдар бекіткен маршрут желісі бойынша жүзеге асырылады, ол жолаушы көлігін дамытудың бекітілген кешендік схемасының және азаматтардың, ұйымдардың ұсыныстары бойынша жолаушылар легін талдау негізінде құрылады.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жүргізушілерді және кондукторларды талаптарды жергілікті атқарушы органдар бекіткен бірыңғай арнаулы киім-кешекпен қамтамасыз етеді.

24. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдаудың маршрутында шағын автобустарды пайдалану анықтамасы төменгі жолаушылар легімен негізделеді, бұл ретте шағын автобустар пайдаланылатын маршруттардың ұзақтығы жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдаудың маршрут желісінің жалпы ұзақтығының отыз пайызынан аспауы тиіс.

3-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдаудың қызмет көрсету режимдері

25. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдаудың маршруттарына мынадай режимдердің бірінде қызмет көрсетіледі:

1) кемінде екі жолаушы есігі бар қалалық автобустармен, шағын автобустармен, сондай-ақ қалааралық автобустармен тұрақты қала маңындағы автомобильмен тасымалдаудың маршруттарында, маршруттың схемасында көрсетілген аялдама пункттеріне тоқтау арқылы жүзеге асырылатын әдеттегі, қала шегінде олардың арасындағы қашықтық 400-ден 800 метірге дейін болуы тиіс;

2) кемінде екі жолаушы есігі бар қалалық автобустармен және қалааралық автобустармен маршруттың схемасында көрсетілген аялдама пункттеріне тоқтау

арқылы жүзеге асырылатын жедел (қалалық тасымалдау үшін ғана), олардың арасындағы қашықтық 1,5-ден 3,0 км дейін болуы мүмкін.

26. Халыққа қызмет көрсету ерекшелігіне сәйкес жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдауы мынадай сипатта болуы мүмкін:

1) тәуліктің барлық белгіленген кезеңі және аптаның барлық күндері ішінде қолданылатын тұрақты;

2) белгілі бір күндерде немесе тәуліктің кезеңдерінде қолданылатын (демалыс, мерекелік күндер немесе "қауырт" сағаттар) қосымша;

3) алдын ала белгіленген уақыт аралығы ішінде қолданылатын (саяжай кезеңінде, демалыс аймақтары, спорттық-сауықтыру кешендері жұмыс істеген кезде) маусымдық;

4) қысқа уақытқа қолданылатын (әдеттегі режимде қызмет көрсетуге кедергі жасайтын жол желісінде күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда) уақытша.

4-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі

27. Жолаушыларды автокөлік құралына отырғызу және түсіру мынадай дәйектілікпен жүргізіледі:

1) шағын автобустарда алдымен жолаушыларды түсіру, одан кейін отырғызу жүргізіледі;

2) екі есігі бар автобустарда жолаушыларды түсіру - екі есік арқылы, ал отырғызу артқы есік арқылы жүргізіледі;

3) үш және одан артық есігі бар автобустарда жолаушыларды түсіру - барлық есіктер арқылы, ал отырғызу - алдыңғы есіктен басқа барлық есіктер арқылы жүргізіледі.

28. Кезектен тыс алдыңғы есік арқылы отырғызу құқығын мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар пайдаланады, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері пайдаланады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттарында пайдаланылатын автобустардың салонында мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар басым отыру үшін 4-тен 8 орынға дейін (олардың паспорттық сыйымдылығына байланысты) бөлінеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдау маршрутында "сұрау бойынша" аялдама пункттері болған кезде, жолаушылар жүргізушіге (кондукторға) көрсетілген аялдама пунктінде тоқтау қажеттігі туралы алдын ала хабарлауы керек. Осындай аялдама пунктінде жолаушылар тұрған кезде, жүргізуші оларды отырғызу үшін аялдама жасауы тиіс.

31. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдаудың маршруттары бойынша жолаушылар жол жүргенде:

1) автобустан, шағын автобустан ол толық тоқтағанға дейін немесе қозғалыс кезінде шығуға және кіруге;

2) автобустың есіктерінің ашылуы мен жабылуына кедергі жасауға;

3) жүргізушіні автокөлік құралының қозғалысы кезінде әңгімемен алаңдатуға;

4) автобустың, шағын автобустың салонының ішкі жабдығы мен жарағын бүлдіруге ;

5) темекі тартуға, қоқсытуға, спирт ішімдіктерін ішуге;

6) от қауіпті, жарылғыш, улағыш, жеңіл тұтанатын, улы, өткір және күлімсі иісті заттарды, құндағы және ілеспе құжаттары жоқ дәрімен атылатын қаруды тасымалдауға жол берілмеуі тиіс.

32. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдаудың маршруттарында:

1) "Тұрақты және тұрақты емес жолаушылар тасымалы үшін автокөлік қызметі" ҚР СТ 2273-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес автобустарда тұратын және отыратын орындар, олардың толық паспорттық сыйымдылығынан аспайтын мөлшерде;

2) шағын автобустарда тұратын және отыратын орындар оның паспорттық сыйымдылығынан аспайтын мөлшерде.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Қол жүгі мен багажды алып жүру

33. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттарында өлшемі 60х40х20 см дейінгі және салмағы 20 кг аспайтын қол жүгін, сондай-ақ қабы бар бір жұп шаңғыны, бала арбасын немесе шанасын (автобустарда ғана) өзімен бірге тегін алып жүруге рұқсат етіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Осы Қағидалардың 33-тармағында көрсетілген көлем және салмақ өлшемдерінен асатын қол жүгі багажға жатады және автобустың, шағын автобустың багаж бөлімшесінде немесе автобусқа, шағын автобусқа ілесіп жүретін багаж автомобилінде, сондай-ақ тасымалдаушымен қосымша келісім негізінде таксимен тасымалдануға тиіс.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Қол жүгінің орамасы мен тасымалдануы басқа жолаушыларға және автобус, шағын автобус салонының жарағына қандай да болмасын залал келтіру (ластау немесе зақымдау) мүмкіндігін толық болдырмауы тиіс.

36. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдау маршруттарында жабық торларға немесе сумкаларға салынған ұсақ жануарлар мен құстарды тегін тасымалдауға рұқсат етіледі.

37. Иттер автобустарда топталу алаңшаларында ғана тұмылдырықпен және қарғы баумен тегін тасымалданады.

38. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қала маңындағы тұрақты тасымалдауын, сондай-ақ жедел режимдегі жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдауын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын және багаж бөлімшесі бар автобустарда жолаушыларға өзімен бірге багаж бөлімшесінде әрбір орынның өлшемі 120х60х40 см аспайтын багажды белгіленген тарифке сәйкес қосымша ақы үшін алып жүруге рұқсат етіледі.

39. Жолаушыға тасымалдауға қабылданған багажына қалалық (ауылдық) қатынаста – бір жолғы бақылау билеті, қала маңындағы қатынаста багаж түбіртегі беріледі.

40. Багажды тасымалдауға тапсыру кезінде жолаушы белгіленген алымды төлеу арқылы оның бағасын көрсетуі мүмкін. Бұл ретте багаж түбіртегіне тиісті жазу жазылады.

6-параграф. Қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастағы жол жүру және багажды алып жүру төлемі, тіркеуі

Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың маршруттарында жол жүру, багаж алып жүру төлемін жолаушы Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғылары арқылы сатуды қоса алғанда, қолма-қол ақшамен

кондукторға (жүргізушіге) беру немесе жүру үшін электрондық төлеу жүйесі арқылы жасайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Қалалық (ауылдық) қатынастағы қолма-қол ақшаға жол жүру, сондай-ақ багажды алып жүру төлемінің фактісі жолаушыға жол жүру құжатын (билетін) берумен белгіленеді.

42-1. Жол жүру үшін электрондық төлеу жүйесі пайдаланылатын жолаушылар мен багажды тасымалдау үшін тұрақты маршруттар бойынша жол жүруді тіркеу жолаушымен жол жүру үшін төлемнің жасалғаны туралы қағаз жол жүру құжатын (билетін) берусіз немесе электрондық төлем жүйесі, оның ішінде интернет және құрылғылар арқылы, жолаушының өзіне-өзі қызмет көрсететін тиісті электрондық көлік терминалының санау құрылғысының жұмыс бетіне электрондық жол жүру құжатын тақау жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-параграф 42-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

43. Қолма-қол ақшамен төлем жасалған жағдайда, қағаз нысанындағы жол жүру құжаты (билеті) бір жолғы бақылау билеті бір маршруттағы, жолаушы жүріп өткен қашықтыққа қарамастан бір бағыттағы бір маршрут бойынша сапар кезінде ғана жарамды.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Техникалық себептер бойынша автобус, шағын автобус маршрут бойынша қозғалысты жалғастыруы мүмкін емес жағдайлар туындаған жағдайда, жолаушыларға берілген қағаз нысанындағы бір жолғы бақылау билеттері және жол жүрудің расталған бір жолғы бөлек тіркеулері, электрондық жол жүру құжаты арқылы жол жүру төлемі жасалған болса – осы маршруттың басқа автобусында, шағын автобусында жол жүру үшін жарамды болып табылады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Қалалық (ауылдық) және қала маңын қоспағанда, жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарында жол жүру және

багажды алып жүру төлемін жолаушы маршруттың бастапқы пунктінен сапарды жүзеге асыру кезінде автовокзалдың, автостанцияның, жолаушыларға қызмет көрсету пунктінің кассасына, оның ішінде Интернет жүйесін қоса алғанда, электрондық сату арқылы немесе маршруттың аралық пунктінде отырғызу кезінде кондукторға (жүргізушіге) тарифке сәйкес төлейді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45-1. Тасымалдаушылар электрондық диспетчерлеу жүйесін және электрондық төлеу жүйесін ұстау және қолдану талабын сақтауға тиіс.

Ескерту. 6-параграф 45-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

46. Қала маңындағы қатынаста қолма-қол ақшамен жол жүру төлемінің растамасы жолаушыға қағаз нысанындағы жол жүру құжатын (билетін) берумен белгіленеді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46-1. Жол жүру үшін электрондық төлеу жүйесі пайдаланылатын қала маңындағы қатынастағы жол жүруді тіркеу жолаушымен жол жүру үшін төлемнің жасалғаны туралы қағаз жол жүру құжатын (билетін) берусіз, жолаушының өзіне-өзі қызмет көрсететін тиісті электрондық көлік терминалының санау құрылғысының жұмыс бетіне электрондық жол жүру құжатын тақау жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-параграф 46-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Багажды алып жүру төлемінің айғағы, жолаушыға багаж түбіртегін берумен белгіленеді.

48. Белгілі күнтізбелік мерзімге қағаз, сондай-ақ және электрондық нысандағы ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеттерін сату алдын ала, жергілікті атқарушы орган белгілеген сату орындарында, сондай-ақ тасымалдаушылар-кондукторлар немесе жүргізушілер арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Қалалық (ауылдық) қатынастағы сапарларға арналған қағаз, сондай-ақ және электрондық нысандағы ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеттері жолаушылар мен багажды автомобильмен қала маңы тұрақты тасымалдаудың маршруттарында жарамсыз.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Қағаз және электрондық нысандағы ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеттерінің қолданылуы белгіленген нормадан артық қол жүгін және багажды алып жүруге қолданылмайды.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Қағаз нысанындағы ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеті бар жолаушы оны кондукторға, бақылаушыға (жүргізушіге) автобусқа, шағын автобусқа мінген кезде көрсетеді. Электрондық нысандағы ұзақ пайдаланудағы жол жүру билеті бар жолаушы автобусқа, шағын автобусқа мінген кезде жолаушының өзіне-өзі қызмет көрсететін тиісті электрондық көлік терминалының санау құрылғысының жұмыс бетіне электрондық жол жүру құжатын тақау жолымен жол жүруді тіркеуді өз бетінше жүзеге асырады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Егер жолаушы қағаз нысанындағы немесе электрондық нысандағы жеңілдікті ұзақ пайдаланудағы жол жүру билетін пайдаланса, дербестендірілген жеңілдікті ұзақ пайдаланудағы электрондық жол жүру билетін пайдаланатын жолаушыларды қоспағанда, онда сондай-ақ ол жеңілдікке құқығын растайтын құжатты ұсынады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдау

53. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданішілік (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдау жергілікті атқарушы органдар бекіткен маршрут желісі бойынша жүзеге асырылады, ол жолаушылар легін талдау, шалғай ауылдық елді мекендердің тұрғындарына көлік жеңілдігін қамтамасыз ету негізінде, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың ұсыныстары бойынша жасалады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданішілік (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдаудың маршруттық желілерін салу мынадай қағидаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) халықтың тасымалдауға мұқтаждығын қамтамасыз ету;

2) маршруттың жүру жолындағы барлық жақын жатқан елді мекендерді қамтудың барынша мүмкіндігі;

3) тасымалдаудың сапасы мен қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ экологиялық зиянды қалдықтардың мөлшерін төмендету мақсатында маршруттарда жұмыс істеу үшін автобустардың, шағын автобустардың оңтайлы саны мен үлгісін (класын) пайдалану.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Маршрут бойынша 400 километрден астам тоқтаусыз жүрген жағдайда тасымалдаушы жолаушылардың демалуы және қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кемінде он минут технологиялық аялдаулар көздеу тиіс. Технологиялық аялдауларда қосымша жолаушыларды отырғызу жүзеге асырылмайды.

8-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдаудың маршруттарын жайғастыруға қойылатын талаптар

56. Жолаушылар мен тұрақты тасымалдаудың маршруттары ең төмені V санаты бар республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары бойынша жасалады.

57. Маршруттардың ұзақтығы 100 км артық кезде, оларды жасау жүру жолы бойынша телефон байланысының болуы ескеріледі. Осы талапты қанағаттандыру мүмкін болмаған кезде, осындай маршруттарға қызмет көрсететін тасымалдаушылар автобустарды сенімді ұялы байланыспен қосымша жабдықтайды.

58. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік), ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарының қалаларда және ірі ауылдық елді мекендерде орналасқан аралық аялдау пункттері автовокзалдарда, автостанцияларда, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде болуы тиіс.

59. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдау маршруттарының автовокзалдары, автостанциялары, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері жоқ елді мекендерде орналасқан аралық аялдама пункттері осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жабдықталады.

9-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі

60. Автобусқа, шағын автобусқа, троллейбусқа отырғызу кезінде жолаушының жол жүру құжатының (билетінің) болуы тексеріледі. Автовокзалдарда, автостанцияларда тексеруді отырғызу бойынша кезекші, ал жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде және осындай кезекшілер жоқ аялдама пункттерінде – жүргізушілер немесе кондукторлар жүзеге асырады.

Егер жолаушы электрондық жол жүру құжатын (билетті) сатып алса, онда электрондық жол жүру құжаты (билет) немесе жеке басты куәландыратын құжат түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысанында сапарды қолдану құқығы үшін жеткілікті негіздеме болып табылады, бұл ретте қағаз нысанындағы жол жүру құжаты (билет) берілмейді.

Ескерту. 60-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.10.2021 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

61. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік) тасымалдау маршруты бойынша жол жүру билеттері, оларда көрсетілген күн мен рейстің нөміріне ғана жарамды болып табылады.

62. Жолаушылар электрондық жол жүру құжаттарынан (билеттерінен) басқа жол жүру құжаттарын (билеттерін) бүкіл сапар уақыты бойы сақтайды.

63. Жолаушы билетте көрсетілген нөмірге сәйкес автобуста орын алады. Тасымалдау кезінде жолаушыларды, автобустың отыратын орындар санынан асатын мөлшерде тасымалдауға жол берілмейді.

64. Жолаушымен 7 жасқа дейінгі бірнеше бала жүрген жағдайда, олардың әрқайсысына жеке орын беріледі.

65. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік) тасымалдаудың маршруттарында сапарды жүзеге асыру кезінде:

1) жол жүру құжаттарына қандай да болмасын түзетулер енгізуге;

2) автобустың, шағын автобустың салонында багаж алып жүруге;

3) темекі тартуға, қоқсытуға, спирт ішімдіктерін ішуге;

4) жүргізушіні әңгімемен алаңдатуға, сондай-ақ автобустың қозғалысы кезінде салон ішінде жүруге;

5) от қауіпті, жарылғыш, улағыш, жеңіл тұтанатын, улы, уытты және күлімсі иісті заттарды, құндағы және дәрімен атылатын ілеспе құжаттары жоқ қаруды, сондай-ақ жолаушыларға, не автобус салонының жабдығына немесе жарағына залал (ластау немесе зақымдау) келтіруі мүмкін заттар мен бұйымдарды тасымалдауға жол берілмейді.

10-параграф. Багаж автомобильдерімен багажды тасымалдау

66. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдау маршруттарында тасымалдаушы багаж автомобильдерінің қозғалысын ұйымдастырған жерлерде жолаушылар багажды (жүкті) багаж автомобилінде тасымалдау үшін тапсыруы мүмкін.

Егер Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласындағы халықаралық шарттарында сондай қарастырылса, халықаралық жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау кезінде багажды автомобиль тиісті рұқсат құжат алады.

Аралық аялдама пункттерінде багажды багаж автомобилінде тасымалдауға қабылдау жолаушы тиісті маршрут бойынша жол жүру құжаттарын (билеттерін) көрсету кезінде жүргізіледі.

67. Тасымалдауға тапсырылатын багаж өзінің сипаты мен орамасы бойынша багаж автомобиліне тиеуді және орналастыруды қиындатпауы, сондай-ақ басқа жолаушылардың багажына зиян келтірмеуі тиіс. Ыдыс пен орама барлық тасымал бойы багаждың бүтіндігі мен сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

68. Багажды багаж автомобилімен жіберуге тілек білдірген жолаушы оны тапсыруға алдын ала - автобус жөнелтілгенге дейін 10 минуттан кешіктірмей ұсынады.

69. Багаж автомобилінде тасымалдауға жарамсыз орамадағы багаж қабылданбайды. Орамасының, багаждың жоғалу немесе бүліну қаупін туғызбайтын осындай кемшіліктері бар багаж, багаж түбіртегіндегі осы кемшіліктер туралы белгі арқылы тасымалдауға қабылдануы мүмкін.

70. Багаж автомобилінде тасымалдауға багажды қабылдау кезінде жолаушыға багаж түбіртегі беріледі.

71. Багаж автомобилінде тасымалданатын багаж бару пунктінде багаж түбіртегін көрсетушіге беріледі.

72. Багаж автомобилімен тасымалдауға қабылданған багаж бару пунктіне, жолаушының осы пунктке кесте бойынша келген күнінен кешіктірмей жеткізіледі.

73. Бару пунктінде жолаушы талап етпеген багаж жауапты сақталу үшін тасымалдаушыға беріледі, ол үшін багаждың иесінен тиісті ақы талап етіледі. Багажды сақтау орны тасымалдаушының қарауы бойынша таңдалады.

74. Багажды тасымалдауға қабылдаған тасымалдаушы, багажды тасымалдауға қабылдаған сәттен бастап және оны жолаушыға (багажды алуға уәкілетті адамға) бергенге дейін немесе багаж талап етілмеген жағдайда, оны сақтау камерасына тапсырғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

75. Багаж автомобилімен тасымалдауға қабылданған багаждың жоғалуын, жетіспеуін және зақымдануын (бүлінуін) анықтау осы Қағидалардың 143-тармағына сәйкес белгіленеді және тасымалдаушының залалды өтеуі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдаудың маршруттарында жол жүру және багажды алып жүру төлемі, тіркеуі

Ескерту. 11-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік) тасымалдаудың маршруттары бойынша жол жүру және багажды алып жүру төлемін, тіркеуін жолаушылар автовокзалдың, автостанцияның, жолаушыларға қызмет көрсету пунктінің кассасына, ал маршруттардың аралық аялдама пункттерінде кондукторға (жүргізушіге) тікелей автобусқа отырғызу кезінде, ол аялдама пунктінен жөнелтілгенге дейін, немесе жол жүру үшін электрондық төлем жүйесі арқылы төлейді.

Халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік), қала маңындағы қатынастарда маршруттары бойынша жол жүруге төлем жолаушылар агенттігі немесе жол жүру үшін электрондық төлем жүйесі арқылы жүргізілуі мүмкін.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік) тасымалдау маршруттары бойынша жол жүру және багажды алып жүру төлемін, автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, сондай-ақ агенттік немесе электрондық билеттерді сататын ақпарат жүйесімен қабылданады және жолаушының жеке басын растайтын құжаттар түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысаны негізінде жүзеге асырады. Жолаушыларды отырғызу жолаушының жеке басын куәландыратын құжатпен түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысанында билетте көрсетілген тегі, аты, әкесінің атын тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.10.2021 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

77. Егер жолаушы жол жүру құжатын (билетті) қағаз жеткізгіште сатып алса, онда жол жүру төлемінің фактісі жолаушыға мынадай ақпаратты қамтитын жүру құжатын (билетті) берумен белгіленеді:

1) билеттің сериясы мен нөмірі;

2) жөнелту және бару пункттері;

3) комиссиялық және сақтандыру алымдары көрсетілген төленген жол жүру құны;

4) билеттің берілген күні;

5) бастапқы пункттен автобустың жөнелтілген күні мен уақыты;

6) рейстің нөмірі;

7) жолаушының отыру орнының нөмірі.

78. Электрондық жол жүру құжатын (билетін) сатып алу кезінде жол жүру үшін электрондық төлем жүйесінде ақпараттың болуы – жол жүру төлемінің растамасы болып табылады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Багажды алып жүру төлемінің фактісі жолаушыға багаж түбіртегін берумен белгіленеді.

80. Егер қағаз түріндегі билетті жолаушы жүру жолында маршруттың автовокзалдан, автостанциядан, жолаушыларға қызмет көрсету пунктінен тыс орналасқан аралық аялдама пункттерінде сатып алса, онда кондуктор (жүргізуші) билетке рейстің нөмірін, жолаушының бастапқы және соңғы жүру пункттерін, төленген жол жүру құнын, отыратын орнының нөмірін, жөнелтілу күні мен уақытын қояды, сондай-ақ билет-есепке алу парағында тиісті жазу жазады.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық (астана мен республикалық маңызы бар қаланы қоса алғанда) тұрақты тасымалдауы

81. Жолаушылар мен багажды автомобильмен облысаралық (астана мен республикалық маңызы бар қаланы қоса алғанда) тұрақты тасымалдау автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның бастамасы бойынша жергілікті атқарушы органдармен ұйымдастырылады.

82. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық (астана мен республикалық маңызы бар қаланы қоса алғанда) тұрақты тасымалдауы көрсетілген жолаушылар мен багажды тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығы конкурсында жеңген және тиісті жергілікті атқарушы органдар мен тасымалдаушылар арасында жасалған шарттар негізінде Куәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады.

83. Куәліктердегі жылжымалы құрам бойынша өзгерістер енгізуге тасымалдаушы өтініш бергенде және:

1) ауыстырылатын жылжымалы құрамның класы және шығу жылы ұқсас (немесе одан жоғары);

2) куәліктің негізгі құрамына толықтырылатын жылжымалы құрам негізгі құрам ретінде көрсетілген жылжымалы құрамның класы және шығарылған жылынан төмен емес;

3) куәліктің резервті құрамына толықтырылатын жылжымалы құрам резервті құрам ретінде көрсетілген жылжымалы құрамның класы және шығарылған жылынан төмен емес болып табылған жағдайда осы куәлікті берген орган рұқсат береді.

Ескерту. 83-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық тұрақты тасымалдаудың маршруттарындағы жол жүру, қол жүгі мен багажды алып жүру, сондай-ақ олардың төлемі осы Қағидалардың 2-тарауының 5, 11 және 12-параграфінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

13-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық қатынасындағы тұрақты тасымалдаудың маршруттары бойынша қозғалыс кестелерін келісу тәртібі

85. Қалааралық облысаралық маршруттарды зерттеу нәтижелері бойынша автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган олар бойынша ұсынылатын маршрут схемалары мен қозғалыс кестелерін жасайды және аумағы бойынша маршрут өтетін облыстың (астананың және республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарына келісуге жібереді.

86. Облыстардың (республикалық маңызды қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдардың қалааралық облысаралық маршруттар бойынша қозғалыс кестелерін келісу мерзімі, осы материалдар оларға келіп түскен сәттен бастап кемінде 5 жұмыс күнін құрайды.

Қозғалыс кестелерін келісу осы Қағидалардың 13-16 тармақтарындағы шарттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

87. Жергілікті атқарушы органдар қозғалыс маршрутының схемасы мен олар бойынша қозғалыстар кестелері бойынша өзара айырмашылығы бар ескертулер берген жағдайда, автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган тиісті маршрут бойынша ымыралы шешім шығарады және осы маршрутты бекітеді.

88. Бекітілген маршрут нәтижелері бойынша автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган оны қалааралық облысаралық маршруттардың тізіліміне енгізеді.

14-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдау

89. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдаудың маршруттары бойынша жол жүру тәртібі Қазақстан Республикасы

ратификациялаған халықаралық шарттармен реттелмеген бөлігінде осы Қағидаларда регламенттеледі.

90. Жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасы облыстарының шет мемлекетке шығу немесе шет мемлекеттен кіру жүзеге асырылатын елді мекендері арасында отандық тасымалдаушылардың жолаушылар мен багажды тасымалдауын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттер арасында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90-1. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушыларды, жүктерді тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 14-параграф 90-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15-параграф. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты халықаралық тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі

91. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тасымалдауды ұйымдастыру үшін тасымалдаушы халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру шешімін тасымалдауды жүзеге асыру болжанып отырған басқа мемлекеттегі әріптесімен келіседі және онымен тиісті шарт жасасады.

92. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органнан маршрут бойынша растаған қозғалыс схемалары мен маршрут бойынша қозғалыс кестелерін, жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған тарифтерді, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды жүзеге асыруға арналған рұқсатты (бұдан әрі - Рұқсат) (бұдан әрі - халықаралық тасымалдауға арналған рұқсат құжаттары) алу үшін, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімін ұзарту үшін тасымалдаушы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға тігілген, нөмірленген және өтініш берушінің жауапты тұлғасы қол қойған, сондай-ақ осы тармақтың 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоспағанда мөрмен (болған жағдайда) расталған жеке папкаға ресімделген мына құжаттарды:

1) тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шартты халықаралық қатыста жолаушыларды автобустармен, микраавтобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу құқығына лицензиясы және шетелдік тасымалдаушымен лицензияға қосымшасы бар;

2) автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сақтандыру полисінің немесе шарттарының көшірмесін;

3) жалға алынған автокөлік, жалға алынған автокөлік құралдары шарттарының көшірмелері кезінде көлік құралын тіркеу туралы куәліктер көшірмелері қоса берілген, ағымдағы кезеңге міндетті техникалық байқаудан өткен маршрутта пайдаланылуы көзделетін жылжымалы құрам туралы мәліметтерді (автобустардың саны және үлгісі (класы) негізгі және резервке бөлумен;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының 7-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ маршруттың бастапқы пунктінен 50 километрден аспайтын радиуста орналасқан өндірістік-техникалық базаға (жеке немесе жалға алған) құжаттардың көшірмелерін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) (бұдан әрі- – Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидалары)) және профилактикалық медициналық куәландыруды жүзеге асыруға медициналық ұйыммен немесе медициналық қызметкермен жасасқан шарттың көшірмелерін;

5) маршрут бойынша автобустардың орны және жөнелтілу, келу және тұру уақыттары, сондай-ақ барлық аялдама пункттері мен мемлекеттердің шекаралары арқылы өткізу пункттері, автобустар қозғалысының жылдамдық режимі бойынша қашықтықтар көрсетілген қозғалыс кестелерін;

6) автовокзалдар мекенжайын, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері, сондай-ақ автомобильдерді мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің атаулары көрсетілген маршрут схемасын;

7) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген жеңілдетілген тарифтің көрсеткішімен осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушылар тіркелген мемлекеттердің ұлттық валютасындағы халықаралық тұрақты маршруттың аялдама пункттері бойынша жолаушыларды және багажды тасымалдауға ұсынылатын тарифтерді.

Осы тармақтың 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар тұрақты маршрутқа қызмет көрсету туралы шарт жасасқан қазақстандық және шетелдік

тасымалдаушылар қол қойған және олардың мөрлермен (болған жағдайда) расталған құжаттар төрт данада ұсынылады.

Маршрут бойынша қозғалыс схемасы және қозғалыс кестесі, сондай-ақ жолаушылар мен багажды тасымалдауға тарифтерді автомобиль көлігі саласында уәкілетті органның жауапты тұлғасының қолымен және мөрімен (рамка қалыңдығы 1миллиметрлі төртбұрыш формалы мөр, жоғары бөлігінде автомобиль көлігі саласында уәкілетті орган атауы, ортасында "Автобус бағыты бойынша қозғалысқа рұқсат берілді " деген сөз бар және астында растау мерзімі және "_____қолы") растайды.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Қажетті құжаттар бар халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға арналған рұқсат құжаттарының қолданылу мерзімін ұзартуға өтінім автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға рұқсат құжаттарының белгіленген қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 3 айдан кешіктірмей ұсынылады.

94. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган өтінім тіркелген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде, осы Қағидалардың 92-тармағында көрсетілген барлық құжаттар болған жағдайда, аумағы бойынша маршрут өтетін мемлекеттердің құзыретті органдарына, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, осы Қағидалардың 92-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып маршрут ашуға рұқсат алу туралы өтінішті жібереді.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Аумағы бойынша маршрут өтетін шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарынан тиісті рұқсаттарды алғаннан кейін тасымалдаушыға халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға арналған рұқсат құжаттары беріледі.

Рұқсат автобустардың, шағын автобустардың әрбір жүру кестесіне екі данадан ресімделеді.

96. Осы Қағидалардың 92-тармағының 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмесі бір данада автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органда тізілім жүргізу үшін қалдырылады.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Рұқсат берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде тасымалдаушы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға тасымалдаушылар мен

автовокзалдардың, автостанциялардың, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі осы Қағидаларға сәйкес жасасатын шарттардың көшірмелерін ұсынады.

98. Тасымалдаушылар маршруттағы әрбір автобуста рұқсаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері болуын

қамтамасыз етеді.

99. Маршрутты, аялдама пункттерін, қозғалыс кестесін өзгертуді, сондай-ақ маршрутты жабуды автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган тасымалдаушының немесе жергілікті атқарушы органдардың өтінішінің негізінде аумағы бойынша маршрут өтетін шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен алдын ала келісім бойынша жүргізеді.

100. Автобустардың қозғалыс кестесіне қосымша өзгерістерді енгізгенде және келіскенде осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға осы Қағидалардың 92-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса отырып еркін нысандағы өтінімді ұсынады.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Тасымалдаушыға халықаралық тасымалдауға рұқсат құжаттарын беру мынадай жағдайларда бас тартылады:

1) осы Қағидалардың 92-тармағына сәйкес өтінімге қоса берілген құжаттар толық көлемде емес немесе жалған мәліметтер болса;

2) өтініш берілген қозғалыс кестесі бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты халықаралық тасымалдау маршруты қызмет етілсе;

3) ашылып жатқан бастапқы және аралық пункттері және қолданыстағы ұзақтығы 250 км асатын тұрақты халықаралық маршруттар бойынша қозғалыс кестесінің айырмашылығы 1 сағаттан аз уақытты құраса;

4) тасымалдауды жүзеге асыруы болжанып отырған жылжымалы құрамның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ автобустарды рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық тексеруді, сондай-ақ жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландыруды жүргізу мүмкіндігінің болмауы;

5) аумағы арқылы өтініш берілген маршрут өтетін мемлекеттің құзыретті органының келісімі алынбаса;

6) ашылып жатқан бастапқы және аралық пункттері және қолданыстағы ұзақтығы 250 км дейінгі халықаралық тұрақты маршруттар бойынша қозғалыс кестесінің айырмашылығы 15 минуттан аз уақытты құраса, бас тартылады.

Ескерту. 101-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма

бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

102. Дәлелді бас тарту жазбаша нысанда тасымалдаушыға жіберіледі.

103. Тасымалдаушыға халықаралық тасымалдауға берілген рұқсат құжаттарының әрекеті алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруы мүмкін мына жағдайда:

1) тасымалдаушы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға тасымалдауды болжамды тоқтату күніне дейін 1 айдан кешіктірмей жазбаша өтініш берген;

2) жергілікті атқарушы органдар жазбаша дәлелді өтініш берген;

3) осы Қағидалардың талаптарын бұзу немесе сақтамау фактілері байқалған;

4) егер тасымалдаушы аумағы бойынша маршрут өтетін шет мемлекеттердің құзыретті органдары белгілеген тұрақты маршруттарды пайдалану шарттарын қамтамасыз етпесе;

4-1) тасымалдаушылар мен автовокзалдардың, автостанциялардың, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі жасасатын шарттардың көшірмелерін осы Қағидалардың 97-тармағында белгіленген мерзімде ұсынбаған;

5) аумақтары бойынша тұрақты маршрут өтетін шет мемлекеттердің құзыретті органдарының жазбаша өтініші бойынша алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Тасымалдаушыға берілген рұқсат құжатының қолданылуы:

1) тасымалдаушы тасымалдауды болжамды тоқтату күніне дейін 3 айдан кешіктірмей жазбаша өтініш берген;

2) тасымалдаушы өз еркімен, автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның келісімінсіз маршрут бойынша автобустардың қозғалыс кестесі мен схемасына өзгерістер енгізген;

3) аумақтары бойынша тұрақты маршрут өтетін шет мемлекеттердің құзыретті органдарының жазбаша өтініші бойынша;

4) егер тасымалдаушы рұқсат құжаттарын алған күннен бастап айлық мерзім өткен бойда маршрутта жолаушылар тасымалдауды орындамаса;

5) егер маршрутта жолаушылар тасымалдауды тасымалдаушы рұқсат құжаттарының қолданылу кезеңінде күнтізбелік 15 күн бойы орындамаған жағдайда;

6) егер тасымалдаушы "Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген)

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларының 26-тармағына сәйкес күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімдегі уақыты бар тасымалдаушы шетелдік рұқсатты алуға өтінім бермеген жағдайда тоқтатылады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104-1. Рұқсат құжаттардың қолданылуын уақытша тоқтатқанда немесе тоқтатқанда тасымалдаушыға рұқсат құжаттардың қолданылуын уақытша тоқтатқан немесе тоқтатқан күннен бастап бес жұмыс күн ішінде дәлелді жауап жіберіледі.

Ескерту. 15-параграф 104-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16-параграф. Халықаралық қатынаста жол жүру және багажды алып жүру төлемі

105. Халықаралық қатынаста жол жүру үшін жол жүру құжаттарын (билеттерін) алу тәртібі осы Қағидаларда белгіленген қалааралық облысаралық қатынаста билеттер алу тәртібіне сәйкес болуға тиіс.

Бұл ретте, халықаралық қатынастағы жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату билетте жолаушының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілуі арқылы жүзеге асырылады.

Жолаушыны рейске отырғызу жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысаны негізінде билетте көрсетілген тегі, аты, әкесінің атын тексере отырып, жүзеге асырылады.

Багаждың багаж автомобильдерінде тасымалдануы, алып жүруі осы Қағидалардың 2-тарауының 10-параграфында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 105-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.10.2021 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

106. Халықаралық қатынаста жол жүру және багажды алып жүру төлемі, жол жүру құжаттары (билеттері) сатып алынған мемлекеттің валютасымен жүргізіледі.

3-тарау. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты және тұрақты емес тасымалдау маршруттарында жүргізушілерді рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруді ұйымдастыру және одан өткізу тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

107. Тасымалдаушы жүргізушілерді медициналық қызметкердің жылыту, сумен, кәрізбен, жарықтандыру жүйелерімен жабдықталған, сондай-ақ медициналық жабдықпен және құрал-саймандармен жарақталған үй-жайда рейс алдында және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан өткізуін қамтамасыз етеді.

108. Жүргізуші рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан рейске (ауысымға) шыққанға дейін немесе таксидегі жұмыс басталғанға дейін отыз минут бұрын және рейсті аяқтағаннан кейін және жұмыстан кейін отыз минуттан кем емес уақытта жол қағазын немесе борт журналын, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысанында көрсету бойынша өтеді.

Ескерту. 108-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.10.2021 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

109. Бір күн ішінде бірнеше рейс орындау қажет болған кезде, рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландыру бірінші рейстің алдында бір рет өткізіледі.

110. Жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландыру жеке жүргізіледі және оған:

1) сауал беру, тексерілетіннің сыртқы түрін, жүрісін, тұрысын, мінез-құлқы мен көңіл-күй әрекеттерінің барабарлығын, сөзінің байланыстылығы мен нақтылығын, іс-қимылын, санасын, тері жабыны мен көрінетін сілекейлі жабыны, көз шелінің түсін, көз жанарының мөлшерін, тыныс алу ерекшеліктерін қарау және бағалау;

2) айтылған арыздарды, рейсаралық (ауысымаралық) тыныңу мен ұйқы ұзақтығын айқындау және қарау;

3) артериялық қысымды, пульстің жиілігі мен сапалық сипаттамаларын өлшеу және бағалау, дене температурасын өлшеу, тамақты тексеру, лимфа түйіндерін, ішті қарау, Ромберг тұрысындағы орнықтылықты, саусақ-мұрын және басқа да координациялық сынамаларды орындау дәлдігін анықтау кіреді. Жүргізуші ауруының анамнезінде артериялық гипертония болған кезде, рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудың жеке картасында жүргізушінің негізгі функционалдық көрсеткіштерінің рұқсат етілген параметрлері белгіленеді.

111. Шағымдары, аурудың нақты белгілері мен ағзаның жұмыс істеу жай-күйінің бұзылуы болмаған кезде, тексерілуші көлік құралдарын басқаруға жіберіледі.

Медициналық қызметкер жүргізушілер жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауын жүзеге асырған кезде – борт журналының, жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауды, сондай-ақ таксимен тасымалдауды жүзеге асырған кезде – жол қағазының тиісті бағаналарына мөртабан қояды. Мөртабанда тексеруден өткен күн, уақыт және медициналық қызметкердің қолы қойылады.

112. Алькогольдік, нашақорлық, токсикомандық күйде (ауыздан алкоголь иісінің шығуы, тұру орнықсыздығы, сөздің бұзылуы, саусақтардың нақты дірілі, тері беттері түсінің өзгеруі) екеніне жеткілікті негіз бар адамдар көлік құралдарын басқаруға жіберілмейді.

Осы қорытындымен келіспеген жағдайда, бұл адамдар психоактивті затты қолдану фактісін және масаң жай-күйін белгілеу үшін медициналық куәландыруды жүргізуге уәкілетті жақын арадағы медициналық ұйымға жіберіледі.

113. Жарақат табылған және қатты ауыру немесе ескі аурудың күшеюі белгілері - қан қысымының қалыпты немесе жеке рұқсат етілген параметрлерден сынап бағанасының 20 мм-ге жоғары немесе төмен болуы, брадикардия минутына 55 соғудан кем, тахикардия минутына 85 соғудан артық (жүргізуші пульсінің жеке рұқсат етілген параметрлерін қоспағанда), артериялық гипертония, қатты инфекциялық ауру белгілері , ауыру синдромы, естен тану және денсаулық жай-күйінің басқа бұзушылықтары байқалған кезде, жүргізушілер емдеу және уақытша еңбекке жарамсыздықты сараптау үшін маманға қабылдауға жіберіледі. Қажет болған кезде жедел медициналық жәрдем шақыру қамтамасыз етіледі.

Уақытша еңбекке жарамсыздық белгілері амбулаториялық-емханалық ұйымдар жұмыс істемейтін уақытта анықталған жағдайда, науқасқа қажетті медициналық көмек көрсетіледі және тексеру күнін, уақытын, болжанған диагнозды және көрсетілген медициналық көмектің мөлшерін міндетті түрде көрсетіп, маманға жолдама ресімделеді, ол дәрігердің еңбекке жарамсыздық парағын беру үшін негіз болып табылады.

114. Медициналық қызметкер рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландыру жүргізу сәтіне жүргізушінің көлік құралдарын жүргізуге жарамдылығы туралы қорытынды береді.

115. Медициналық қызметкер тасымалдаушыны тексерулерден бас тарту жағдайлары туралы, науқастану, жарақаттар, психактивті зат қолдану белгілері байқалған кезде жүргізушілердің көлік құралдарының басқарудан шеттетілуі туралы тасымалдаушыны дереу хабардар етеді.

Рейстен кейінгі медициналық қарап тексеру кезінде жүргізушіде алькогольдік және басқа да психоактивтік, оның ішінде есірткі заттарын қолдану белгілері анықталған кезде медициналық қызметкер алдымен жұмыс берушіге хабарлайды, жұмыс беруші жүргізушіге әкімшілік шаралар қолдану үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің аумақтық бөлімшелерін (бұдан әрі - ӘПК) хабарлайды.

4-тарау. Жол жүру құжаттарының (билеттердің) және багаж түбіртектерінің нысаны, сатылу тәртібі, сондай-ақ жол жүру құжаттарын (билеттерді) алдын ала және электронды сатуды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес қағаз нысанында багаж түбіртектерін және жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату:

1) автовокзалдардың, автостанциялардың, жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің билет кассалары және кассалық пункттер арқылы;

2) маршруттың аралық аялдама пункттерінде билет кассалары болмаған жағдайда автобуста, шағын автобуста отыратын бос орындар болса, сондай-ақ жолаушылар мен багажды 50 км артық қашықтықта тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автобустар мен шағын автобустардың толу нормасына дейін жүргізуші немесе кондуктор;

3) оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып, жолаушылар агенттіктері жүзеге асырады.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері және кассалық пункттердің жолаушыларды тұрақты емес тасымалдауға жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуы жүзеге асырылмайды.

Автовокзалдар, автостанциялар мен кассалық пункттердің жолаушылардың тұрақты емес тасымалдауына билеттер сатуына рұқсат етілмейді.

118. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасында жол жүруге жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыратын автобустар мен шағын автобустарға жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды жүзеге асырмайды.

119. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) ағымдағы сатумен қатар алдын ала сату, сондай-ақ байланыс құралдарын пайдалану және үйге жеткізіп беру арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату жүзеге асырылады.

Жол жүру құжаттарын (билеттерін) алдын ала сату, сондай-ақ байланыс құралдарын пайдалану арқылы сатылған жол жүру құжаттарын (билеттерін) үйге жеткізіп бергені үшін қызмет көрсеткені үшін ақы алынуы мүмкін.

120. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) алдын ала сату, соның ішінде билет алуға тапсырысты ресімдеу автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін күнтізбелік 30 күн бұрын басталады және автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

121. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) ағымдағы сату автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін 5 минут бұрын аяқталады.

5-тарау. Жол жүру құжаттарын (билеттерін) және олардың құнын қайтару, сондай-ақ қолданылу мерзімі тәртібі мен шарттары

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Жол жүру құжаты (билеті) жоғалған және жолаушы автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін жол жүру құжатын (билетін) сатқан адамға немесе тасымалдаушыға барған және жолаушының жол жүру құжатын (билетін) сатып алғаны расталған жағдайда, билет ақы алмай қалпына келтірілуі тиіс.

123. Жолаушы алынған жол жүру құжатын (билетін) кассаға автобус немесе шағын автобус жөнелтілгенге дейін қайтарған кезде, оған жол жүру құжатын (билетін) сатқан адам қайтарылған жол жүру құжатының (билетінің) құнынан 3 пайыздан асырмай шегерілген жол жүру құжатының (билеттің) төленген құнын қайтарады.

Егер сатып алынған билетті қайтаруды оны сатпаған касса жүзеге асырса, онда касса қайтарылған жол жүру құжатының (билет) құнының 5 пайызын асырмай қайтарғаны үшін комиссия алады.

124. Автобусқа және шағын автобусқа кешіккен кезде жол жүру құжаттары (билеттері) 3 күннен кешіктірілмей қайтарылады, бұл ретте жол жүру құжаты (билеті) құнының 70 %-ына тең сома өтеледі.

125. Қалааралық облысаралық және халықаралық қатынастағы маршруттар бойынша жүретін автобусты және шағын автобусты жөнелту кешіктірілген жағдайда, кідіру немесе кешігу еңсерілмейтін күштің салдарынан орын алған жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушы жолаушыға кассалар арқылы автобус пен шағын автобусты жөнелтудің әрбір кешіктірілген сағаты үшін жол жүру құнының үш пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте айыппұлдың сомасы жолаушы сатып алған билет құнынан аспайды. Егер автобусты немесе шағын автобусты жөнелту автовокзалдың, автостанцияның немесе жолаушыларға қызмет көрсету пунктінің кінәсінен кешіктірілген жағдайда, жолаушылар алдында автовокзал, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункттері жауапты болады.

126. Автобусты, шағын автобусты жөнелту кешіктірілгендіктен жолаушы сапардан бас тартқан жағдайда, жөнелту пунктінде оған төленген жол жүру құны толық мөлшерде қайтарылады.

127. Жолаушыны бару пунктіне жол, климаттық немесе тасымалдаушыға байланысты емес өзге де себептер бойынша жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, тасымалдаушы жолаушының талабы бойынша сапар тоқтаған пункттен бару пунктіне дейінгі жол жүру құны қайтарылады. Автобусты, шағын автобусты жөнелту пунктіне қайтарған кезде жолаушыға жол жүру мен багажды алып жүрудің толық құны өтеледі.

128. Техникалық себептерге байланысты маршрут автобустың, шағын автобустың және троллейбустың қозғалысы мүмкін болмаған жағдайда, жолаушыларға сатылған билеттер жарамсыз автобусты, шағын автобусты, троллейбусты ауыстыру үшін тасымалдаушы ұсынған автобуста, шағын автобуста, троллейбуста немесе осы маршруттың басқа автобусында, шағын автобусында және троллейбусында сапарды жүзеге асыру үшін жарамды болады.

129. Тасымалдаушы билетте көрсетілген автобус пен шағын автобустың орнына жол жүру құны қымбаттау тұратын басқа автобус пен шағын автобусты ұсынған кезде сапар алынған жол жүру құжаттары (билеттері) бойынша қосымша ақысыз жүзеге асырылады.

130. Осы Қағидалардың 122-129-тармақтарының шартын орындамаған немесе бұзған жағдайда жол жүру құнын өтеу бойынша даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіпте шешіледі.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық және қалааралық облысішілік маршруттар бойынша тасымалдаудың жол жүру құжаттары (билеттер) автобус пен шағын автобустың отыруға арналған орындарының санына тең мөлшерде сатылады.

6-тарау. Багажды қабылдау, сақтау және беру тәртібі

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Сақтау камерасының жұмыс уақыты автовокзалдың автостанцияның жұмыс режиміне, автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесіне және жергілікті жағдайға байланысты белгіленеді. Автоматты емес сақтау камерасындағы қоймашылардың түскі үзілістері қалааралық автобустардың жиілігі ең төменгі жөнелтілу сағаттарына, кезекті автобус жөнелтілгенге дейін 15 минуттан кешіктірмей сақтау камерасын міндетті түрде ашуды ескере отырып белгіленеді.

133. Багаж сақтауға кез келген орамада, оның сыртқы пішініне қарамастан (чемодан , арқа қоржын, түйіншек, шыны ыдыс) қабылданады. Жеке заттар (шаңғы, арбалар, спорт бұйымдары және оған ұқсас) сақтауға орамасыз қабылдануы мүмкін. Орама бұйымдардың, оларды тасу және сөрелерде сақтау кезінде сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Багажды сақтауға қабылдау кезінде ораманың беріктігі тексеріледі және ол жарамсыз болған жағдайда, жолаушыға ақаулықты жою ұсынылады.

Талап етілмеген багаж сақтау камерасында алты ай ішінде сақталады. Көрсетілген мерзім өткенде талап етілмеген багаж құртылады.

Өздеріне тән қасиеттері бойынша басқа жолаушылардың бұйымдарын ластауы немесе зақымдауы мүмкін бұйымдарды, сондай-ақ өртену қаупі бар, жарылғыш, улағыш, улы, өткір және күлімсі иісті заттар сақтауға қабылданбайды.

134. Сақтау камерасы сақтауға тапсырылған азық-түліктің өздігінен бұзылғаны үшін жауапты болмайды.

135. Багажды автоматты емес камераға тапсыру кезінде оның иесіне:

1) сақтау камерасының деректемелері;

2) күні;

3) багаж иесінің тегі, аты және әкесінің аты;

4) сақтауға қабылданған багаж орындарының саны;

5) сақталу мерзімі;

6) багаждың көрсетілген құны (иесі қалаған кезде);

7) багажды сақтау ақысының сомасы;

8) багаж орамасының ақаулықтары (болған кезде) көрсетілген түбіртек жазып беріледі.

136. Егер багажды сақтау камерасына қабылдау кезінде ораманың ақаулықтары байқалса, онда иесі оларды не жоюға, не ақаулықтардың барын түбіртектің түбірінде өз қолымен растауға міндетті.

137. Багаж түбіртегі мен көшіру қағазы арқылы жазып берілетін оның көшірмесі тазартуларсыз және түзетулерсіз анық толтырылады. Түбіртектің көшірмесі сақтауға тапсырылған бұйымдарға бекітіледі, ал түпнұсқасы жолаушыға беріледі.

138. Сақтауға қабылданған багажды жолаушыға беруді сақтау камерасының қызметкері түбіртек бойынша жүргізеді. Беру кезінде иесі көрсеткен түбіртек пен оның көшірмесі салыстырылады, сақтау мерзімі тексеріледі және багаждың иесімен соңғы есеп айырысу жүргізіледі.

139. Багаж түбіртегі жоғалған кезде, сақтауға қабылданған багаж иесіне, оның жазбаша арызы бойынша багаждың оған тиістілігі туралы дәлелдер келтіру арқылы беріледі. Бұл жағдайда багажды беру оның иесінің жеке басын растайтын құжаттарына сәйкес түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисін қолдана отырып, электрондық құжат нысанында тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген қолхат бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 139-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.10.2021 № 524 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

140. Сақтау үшін ақы әрбір күнтізбелік күн үшін сақтауға қабылданған күн мен сақтау камерасынан берілетін күнді қоса алғанда, багаждың әрбір заты (орны) үшін алынады. Сақтауға бірге байланған бірнеше зат тапсырылған болса, ақы әрбір зат (орын) үшін жеке алынады.

141. Бару пунктіне багаж автомобилінде келген багажды сақтау үшін ақы багаж келген келесі күннің нөл сағатынан бастап және сақтау камерасынан берілген күнді қоса алғанда, багаждың әрбір заты (орны) үшін күнтізбелік әрбір күнге алынады. Сақтауға бірге байланған бірнеше зат тапсырылған болса, ақы әрбір зат (орын) үшін жеке алынады.

142. Багажды сақтауға тапсырған кезде жолаушы оның бағасын белгіленген комиссиялық алым төлеп көрсетуі мүмкін.

Сақтауға бірнеше затты (орынды) тапсырған кезде жолаушы әрбір өзі тапсырған заттың (орынның) немесе олардың жалпы бағасын көрсетуі мүмкін. Көрсетілген бағаның сомасы багаж түбіртегінде көрсетіледі.

143. Багаждың жетіспеуі немесе зақымдалуы байқалған кезде, багаж иесінің, тасымалдаушы өкілінің немесе сақтау камерасы қызметкерінің, автовокзал (автостанция) қызметкерінің және құқық қорғау органдары қызметкерінің қатысуымен екі данада акті жасалады.

Актіде багаж иесінің тегі, аты, әкесінің аты және мекенжайы, қабылданған және берілген орындардың саны, жоғалған заттың атауы немесе оның зақымдалу сипаты, егер ол құжат жүзінде ресімделсе, көрсетілген бағаның сомасы көрсетіледі.

Актінің бір данасы багаж иесіне тапсырылады.

144. Сақтау камерасына тапсырылған бұйымдардың жоғалуы, жетіспеуі немесе зақымдалуы салдарынан болған жолаушының шығындарын, тапсырған кездегі оларды бағалау сомасының шегінде, оларды өтеу туралы талап етілген сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде сақтаушы өтейді.

7-тарау. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

145. Жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау, халықаралықты қоспағанда жолаушылар мен багажды көрсетілген маршруттарға қызмет көрсету құқығына арналған конкурста (бұдан әрі - Конкурс) жеңген және тасымалдаушылар мен жергілікті атқарушы органдардың немесе уәкілетті ұйымның арасында жасалған шарттың негізінде оларға қызмет көрсетуге құқығы бар куәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады.

Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

146. Конкурсқа меншік құқығымен автобустарға, шағын автобустарға иелік ететін, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес осы тасымалдау түрін ұйымдастыратын және " Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-10)-тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесіне сәйкес автобустарға, шағын автобустарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз ете алатын жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

147. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдаудың маршруттары тасымалдаушылардың арасында конкурс негізінде бөлінеді. Конкурсқа жеке маршрут та, бірнеше маршрут та бір лотпен шығарылуы мүмкін. Лотты қалыптастыру кезінде маршруттардың маңыздылығы мен рентабельділігі ескеріледі. Лотқа едәуір рентабельділермен қатар рентабельділігі төмендеу, бірақ әлеуметтік маңызы бар маршруттар кіреді.

148. Конкурстың ұйымдастырушылары:

1) жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік), республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қалалық қала маңындағы тұрақты тасымалдаудың маршруттарына қызмет көрсету құқығына – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары болып табылады;

Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық тасымалдауды ұйымдастыру үшін автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органдарына маршруттардың негізгі сипаттамалары бойынша мынадай ақпаратпен қоса бекітілген және келісілген жол жүру кестесін береді:

бастапқы және соңғы жүру пункті бойынша маршруттың нөмірі және атауы;

паритеттік қызмет көрсету тәртібін көрсете отырып, маршрутқа қызмет көрсету кезеңі;

маршруттағы аралық пунктердің атаулары мен санын және тікелей және кері бағыттағы қозғалыс жылдамдығын орташа пайдалануын көрсете отырып, маршрут бойынша қозғалыс кестесі;

жолаушылар орындықтарына арналған орындар бойынша паспорттық сыйымдылығын көрсете отырып, маршрутқа қызмет көрсету үшін қажетті автобус класстарын, сондай-ақ жылжымалы резервтік құрамды есепке алғанда қажетті автобустар санын;

Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық тасымалдауға конкурс бекітілген жүру кестесін алғаннан кейін 30 жұмыс күннен кешіктірмей жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырады.

2) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына – ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары болып табылады.

149. Нақты маршрутқа (маршруттарға) қызмет көрсету құқығына арналған Конкурстың жеңімпазы болып жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуді және осы маршрутта (маршруттарда) тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, тасымалдаудың ең жақсы шарттарын ұсынған және осы Қағидалардың 6-қосымшасындағы нысанға сәйкес тиісті Конкурстық ұсыныстарды бағалау шкаласы бойынша есептелген ең жоғарғы балл алған қатысушы танылады.

150. Егер екі және одан да көп қатысушы бірдей барынша жиынтық балл алса, онда отандық өндірісті автобустары және шағын автобустары бар, ең төменгі жол жүру тарифін ұсынған тасымалдаушыға жоғары баға беріледі, осыған сәйкес тасымалдау жүргізілетін болады.

151. Жергілікті атқарушы органдар жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік), қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдаудың маршруттары бойынша конкурсқа қатысушылар ұсынғаннан төмендеу тарифтерді белгілеуі мүмкін.

152. Жергілікті атқарушы органдар белгілеген тарифтер осы тармақта көрсетілген тасымалдаудың шығындарын жаппаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар тасымалдаушыға белгіленген тариф пен тасымалдаудың нақты шығындарының арасындағы айырманы тиісті бюджет қаражатының есебінен өтейді.

153. Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданаралық (қалааралық облысішілік), қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тасымалдаудың маршруттары бойынша жол жүруге арналған белгіленген тарифтер өзгерген жағдайда, жергілікті атқарушы органдар көрсетілген өзгерістер туралы халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа тарифтер бойынша тасымалдауды жүзеге асыру басталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды.

154. Конкурс, оны жариялаған күннен бастап және конкурстың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күнге дейін, кемінде күнтізбелік 30 және ең көбі 45 күнді қамтиды.

2-параграф. Конкурстық комиссия

155. Конкурстық ұсыныстарды, олардың бағаларын қарау және Конкурстың жеңімпаздарын анықтау үшін жергілікті атқарушы орган конкурстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссияның құрамы қала (аудан, облыс) әкімінің өкімінде белгіленеді.

156. Комиссияға:

1) жергілікті атқарушы органдардың;

2) көліктік бақылаудың аумақтық органдарының;

3) ӘПК-нің;

4) жолаушыларды автобуспен тасымалдаушылар қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері кіреді.

157. Комиссия құрамында конкурстық ұсыныстарды бағалау құқығы жоқ Комиссия жұмысын ұйымдастыру функциясы жүктелетін Комиссия хатшысы көзделуі керек.

158. Комиссия бес адамнан тұрады: төраға және комиссияның мүшелері.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Конкурстық құжаттаманың жиынтығы

159. Конкурсты өткізу алдында жергілікті атқарушы орган Комиссиямен келісілген лоттарды құрайды және конкурстық құжаттаманың жиынтығын дайындайды.

Бұл ретте құрылған лоттарды келісу жөнінде шешім қабылдауды, мәжіліс хаттамасында шешімді бекітумен, Комиссия жүзеге асырады.

160. Конкурстық құжаттаманың жиынтығы:

1) конкурсқа шығарылатын жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдау маршруттарының негізгі сипаттамаларын, маршруттардың схемаларының қосымшасымен, қозғалыстар кестелері, сондай-ақ жолақысын электрондық төлеу жүйесін пайдаланған кезде қалалық (ауылдық) немесе қала маңы қатынастарында жолаушыларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру үшін маршруттың (км.) жалпы ұзындығы осы Қағидалардың 7-қосымшасындағы нысан бойынша қоса беріледі;

2) Комиссия мүшелері санына осы Қағидаларға 8-қосымшасына сәйкес конкурсқа шығарылатын жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдаудың маршруттарына қызмет көрсетуге конкурстық ұсыныстарды (бұдан әрі - Конкурстық ұсыныстар) толтыру үшін нысандар;

3) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты республикаішілік тасымалдауды ұйымдастыру шартының жобасы;

4) осы Қағидаларға 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсқа қатысушы туралы ақпараты;

5) бағалау шкаласын;

6) конкурстық ұсыныстарды беру үшін бір үлкен конвертті (егер конкурсқа маршруттардың бір лоттан артық шығарылса, онда әрбір лотқа жеке конверттер болуы тиіс) қамтиды.

Ескерту. 160-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Қатынас түрлері бойынша конкурсқа бөлек лоттармен қалалық (ауылдық), қала маңындағы, ауданішілік, ауданаралық (қалааралық облысішілік), қалааралық облысаралық маршруттар қойылады.

4-параграф. Конкурстық ұсыныстардың мазмұны

162. Конкурстық ұсыныстар Комиссия Конкурстың қорытындылары бойынша қатысушыларды бағалауды жүргізетін мынадай өлшемдердің жинағын қамтиды:

1) ұсынылатын жылжымалы құрамның, соның ішінде отандық өндірісті (автобустардың, шағын автобустардың маркасы мен саны, меншіктің түрі, пайдалану мерзімі, паспорттық сыйымдылығы);

2) тасымалдаушының жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдау саласындағы жұмыс тәжірибесі;

3) Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының 7-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан, жылжымалы құрамды сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның (меншікті, жалға алынған немесе шарт бойынша қызмет көрсететін) болуы;

4) автобустарды, шағын автобустарды маршрут бойынша қозғалыс кезінде оларда ақаулық пайда болған жағдайда ауыстыру бойынша ұсынылатын шаралар жүйесі;

5) жолаушылар тасымалын жүзеге асыру бойынша қосымша ұсыныстар.

Ескерту. 162-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

163. Жылжымалы құрам (резервтегіден басқа) мен жүргізуші персоналды осы маршрутты қамтитын лот бойынша конкурс аяқталғанға дейін конкурстық ұсыныстарда бір маршруттан артық қайталап көрсетпейді.

Қатысушылар жылжымалы құрам (резервтегіден басқа) мен жүргізуші персоналды осы маршрутты қамтитын лот бойынша конкурс аяқталғанға дейін конкурстық

ұсыныстарда бір маршруттан артық көрсету фактілері анықталған жағдайда неғұрлым кеш тапсырылған конкурстық ұсыныстар жарамсыз болып есептеледі.

164. Қатысушы Конкурстық ұсыныстар бойынша толық және сенімді ақпаратты ұсынуы тиіс.

5-параграф. Конкурстарды ұйымдастыру және өткізу

165. Осы Қағидалардың 10-қосымшасындағы нысанға сәйкес жергілікті атқарушы орган бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе интернет ресурстарында Конкурс өткізілгенге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей:

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қаламаңы, ауданішілік, ауданаралық (қалааралық облысішілік) тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына тиісті облыстардың және республикалық маңыз бар қалалардың және астананың аумағына тарайтын;

жолаушылар мен багажды автомобильмен облысаралық қалааралық (республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоса алғанда) тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына Қазақстан Республикасының барлық аумағына тарайтын баспасы басылымдары арқылы конкурсты өткізу туралы хабарландыру жариялайды.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде Комиссия конкурс алдындағы Конкурс өткізу мәселелері бойынша конференция өткізеді.

167. Комиссия төрағасы Конкурсқа қатысушылар ұсынған мәліметтердің растығын сол жерге шығып тексеруді ұйымдастыру үшін (бұдан әрі – Тексеру) Комиссия құрамына кірмейтін жергілікті атқарушы органдардың, көліктік бақылау органдардың және ӘПК-нің өкілдерінен конкурс алдындағы комиссия құрады.

168. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттаманың жиынтығын алуға өтінімді жазбаша нысанда немесе хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта бойынша ұсынады. Конкурстың ұйымдастырушысы конкурстық өтінімді, өтінімді тіркеген күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сұрау салған адамға, ұсынады.

169. Конкурсқа қатысушылар үшін дайындалған конкурстық құжаттама жиынтығының осы Қағидалардың 160-тармағының 1) және

4) тармақшаларында көрсетілген құжаттары жергілікті атқарушы органның мөрімен расталады.

Конкурсқа қатысушыларды тіркеу Конкурс туралы хабарландыру жарияланған күнінен кейінгі күні басталады және оның басталу күнінің алдындағы күнге дейінгі он жұмыс күн ерте аяқталады.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

170. Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін тиісті лот бойынша Конкурсқа қатысу үшін өтінімді (бұдан әрі – өтінім) Комиссияға конкурстық құжаттамаға қоса берілген конвертке салынған мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қатысушы туралы ақпараттың толтырылған бланкісін;

2) өз қызметін заңды тұлғаны құрмай жүзеге асыратын заңды тұлғаны немесе кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін немесе анықтаманы;

3) сақтандыру полистерінің немесе автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарының көшірмелерін;

4) жылжымалы құрамның әрбір бірлігі үшін техникалық паспорттардың және ағымдағы кезеңде жарамды міндетті техникалық тексеруден өту туралы диагностикалық карталардың көшірмелерін. Бұл ретте жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды резервтік ретінде, ал резервтікті негізгі ретінде ұсынуға жол беріледі. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың басқа маршруттарында негізгі жылжымалы құрам ретінде пайдаланылатын жылжымалы құрамды негізгі ретінде ұсынуға жол берілмейді;

5) жүргізушілер құрамы туралы анықтама (әрбір жүргізуші бойынша еңбек шарттарының және жүргізуші куәліктерінің көшірмелерін қоса);

6) маршруттың барлық ұзақтығына диспетчерлік сүйемелдеудің және телефонның немесе басқа байланыстың болуы, сондай-ақ техникалық себептер бойынша (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша) маршрутта олардың қозғалысы тоқтаған жағдайда автобустарды ауыстыру мүмкіндігі туралы анықтаманы;

7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 547 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12221 болып тіркелген) Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесі талаптарына сәйкес жылжымалы құрамды техникалық жарамды күйде ұстау бойынша қажетті жұмыстар кешенін өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттардың көшірмелерін, оның ішінде елді мекенде немесе қала маңындағы аймақта, бірақ конкурс ұйымдастырушысының аумағында орналасқан өнеркәсіптік-техникалық базаға құқық белгілейтін және құқықтық куәландыратын құжаттар, профилактикалық медициналық куәландыруды жүзеге асыруға жоғары немесе орта медициналық білімі

туралы дипломның көшірмесін қоса бере отырып, медициналық қызметкермен жасасқан шарттың көшірмелерін;

8) жолаушылар мен багажды маршруттың тоқтау пункттері бойынша, соның ішінде маршруттағы екінші дәрежелі тоқтау пункттері бойынша (қалалық және қала маңындағы маршруттардан басқа) тасымалдауға ұсынылатын тарифтер;

9) барлық тұрақты маршрут бойынша автобустар жүргізушілерінің ауысу уақыты мен орнын көрсетумен (қалааралық облысаралық маршруттар бойынша) жүргізушілердің еңбек және тынығу режимі графигін;

10) толтырылған және қатысушының қолымен және мөрімен (бар болса) расталған, конкурстық құжаттама жиынтығына салынған нысандардың санына тең мөлшердегі конкурстық ұсыныстарды.

Конкурстық ұсыныстар стандартты ақ парақтарда біркелкі, түзетулерсіз және өшірулерсіз ресімделеді.

Құжаттармен қоса берілген өтінім нөмірленеді, тігінделеді және конкурсқа қатысушының қолымен, мөрімен (бар болса) бекітіледі.

Ескерту. 170-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

171. Комиссияның хатшысы Конкурс туралы жарияда көрсетілген мерзімінде берілген өтінімдерді қабылдайды да, қатысушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама (анықтама) беріледі, содан кейін конкурстық ұсыныстарға өзгерістер мен толықтырулар енгізбейді.

Конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдері бұзылып берілген өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттарды комиссия хатшысы қабылдамайды және комиссия қарамайды.

172. Өтінімдерді қабылдау осы Қағидалардың 170-тармағында көзделген өтінімге тіркелген қосымша толық құжаттар пакеті болған кезде жүргізіледі. Өтінім және оған қоса берілетін құжаттар осы Қағидалардың 170-тармағына сәйкес келмеген кезде комиссия хатшысы беру күні мен уақытынан бастап 7 жұмыс сағатының ішінде сәйкессіздіктерді көрсете отырып, құжаттарды берген тұлғаны жазбаша хабарландырады.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

173. Қабылданған өтінімдермен қатар конкурс алдындағы комиссия немесе Комиссия хатшысы Тексеру кестесін жасайды және үш жұмыс күннен кешіктірмей әрбір қатысушыны Тексеру уақыты туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Қатысушы

тексеру күні конкурс алдындағы комиссияға барлық қажетті материалдарды ұсынады және оларды талап етілетін объектілермен таныстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

174. Конкурс алдындағы комиссия мүшелері конкурстық құжаттамаға қоса берілетін құжаттар көшірмелерінің дұрыстығын, конкурстық ұсыныста көрсетілген автокөлік құралдары класстарының, моделінің және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің сәйкестігін, сондай-ақ конкурстық ұсыныста көрсетілген жылжымалы құрамды сақтау, өндірістік-техникалық базада техникалық қызмет көрсетуі және жөндеу мүмкіндігін тексереді.

Тексеру нәтижелері бойынша конкурс алдындағы комиссия конкурстық ұсыныстарда ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы туралы, қатысушы туралы толтырылған ақпарат бланкісіне белгі қояды және қатысушының конкурстық ұсыныстарында көрсетілген автокөлік құралдарының осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы анықтаманы (бұдан әрі – анықтама) қоса береді.

Уақытты оңтайландыру және Анықтамаға қол қою үшін конкурстық ұсыныстарда берілген мәліметтердің дәйектілігі туралы пікірлер қалыптастыру мақсатында объектілер және тексеру түрлері бойынша конкурс алдындағы комиссия мүшелерін бөлуге рұқсат етіледі.

Көрсетілген құжаттар қатысушы ұсынған өтінім мен құжаттар бар тиісті конвертке жабылады.

175. Конкурс өткізілетін күні Комиссия мүшелері қатысушылардың өтінімдері мен қоса берілген құжаттары бар конверттерді кезекпен ашады да, конкурстық ұсыныстарды қатысушыларды тіркеу тізіміне сәйкес қарайды.

Комиссия мүшелері бағалау шкаласына сәйкес осы Қағидалардың

11-қосымшасындағы нысанға сәйкес конкурсқа шығарылатын жолаушылар мен багажды автмобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету бойынша конкурстық ұсыныстарды бағалау парағына баллдарды қояды.

Конкурстық комиссия қатысушылардың өтінімдері мен қоса берілген құжаттарын қарау кезінде конкурста қатысу үшін өтінімдердегі мәліметтерді нақтылау мақсатында жазбаша түрде қажетті ақпаратты тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан сұратады.

176. Тасымалдаушыға өтінішті қараудан мынадай жағдайларда бас тартылады:

1) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 170-тармағына сәйкес келмеуі және (немесе) толық еместігі;

2) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтерінің нақты еместігі;

3) осы Қағидалардың талаптарына жылжымалы құрамының сәйкес еместігі;

4) жылжымалы құрамды техникалық жарамды күйде ұстау бойынша қажетті жұмыстар кешенін өткізуге және автобустарды рейс алдындағы (ауысым алдындағы)

техникалық тексеруге, сондай-ақ жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландыруға мүмкіндігі болмаса;

5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартының 8-тармағында көрсетілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11002 болып тіркелген) (бұдан әрі - Шарт) шарттың елеулі шарттарын орындамау себебі бойынша тасымалдаушы соңғы алты ай ішінде осы маршрут бойынша мерзімнен бұрын шарттарды бұзса.

Ескерту. 176-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

177. Қатысушылардың нақты лотқа құжаттары бар барлық конверттер қаралғаннан және бағаланғаннан кейін Комиссия хатшысы тиісті қатысушылар бойынша конкурстық ұсыныстарды бағалау парақтарының қорытынды балдарын қосады және жалпы жиынтық балды анықтайды, ол хаттамаға тіркеледі.

178. Жалпы жиынтық баллдардың нәтижелері бойынша Комиссия мүшелері барынша жиынтық балл алған қатысушының құжаттарын, оның ішінде Анықтамасын қарайды.

Қатысушының конкурстық ұсыныстарында көрсетілген автокөлік құралдарының осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы конкурс алдындағы комиссияның оң бағасы болған жағдайда, осы қатысушы тиісті лот бойынша Конкурстың жеңімпазы деп танылады.

Конкурс алдындағы комиссия теріс қорытынды шығарған жағдайда, Комиссия мүшелері жоғарылығы бойынша келесі жалпы жиынтық балл алған қатысушының құжаттарын қарауға көшеді.

179. Егер бір қатысушының өтініші ұсынылғанда, жолаушылардың және багаждың маршрутқа қызмет көрсету құқығына Конкурс өтпеген деп танылады. Егер конкурсты қайта өткізген кезде бұл маршрутқа бір қатысушының өтініші ұсынылғанда, онда онымен конкурс талаптарына сәйкес болған жағдайда шарт жасалады.

Егер қандай да болмасын лот бойынша бір де бір қатысушы тіркелмесе, Конкурс өтпеген деп танылады және Конкурсты ұйымдастырушы осы лот бойынша негізгі талаптарды өзгертеді немесе басқа лот жасайды және келесі Конкурсқа шығарады.

Егер паритеттік жақтан қалааралық облысаралық маршруттарға қызмет көрсету құқығына өтініштер түспеген жағдайда, жергілікті атқарушы орган екінші паритеттік тасымалдаушыға барлық маршрутқа қызмет көрсету құқығын ұсынады.

180. Өткізілген Конкурстың нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған Комиссия мүшелері қол қояды да, Комиссия төрағасы бекітеді. Комиссияның әрбір мүшесі өзінің айрықша пікірін жазбаша жазады және оны хаттамаға қоса береді.

Комиссияның шешімі, егер оның отырысына мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, заңды деп танылады.

181. Конкурсты ұйымдастырушы Конкурс қорытындысын өткізгеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде өздері ұсынған конкурстық ұсыныстарды бағалау нәтижелерін барлық қатысушыларға жазбаша жібереді.

182. Конкурс нәтижелері сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін.

183. Жекелеген лоттар бойынша Конкурс нәтижелерін сот жарамсыз деп таныған жағдайда, сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей, Комиссия отырысы соттың күшін жойған лоттар бойынша бұрын берілген өтінімдер шеңберінде ғана өткізіледі.

Комиссия отырысының нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған Комиссия барлық мүшелері қол қояды және оны Төраға бекітеді.

Егер комиссия мүшелерінің ерекше пікірі болса, ол жазбаша турде баяндалып, хаттамаға қоса беріледі.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

183-1. Егер Байқау жарамсыз деп танылса, қайталама Конкурс оны таныған күннен бастап 30 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Ескерту. Қағидалар 183-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Маршрутқа қызмет көрсету құқығына куәлік беру, тоқтата тұру және кері қайтарып алу тәртібі мен шарттары, оны беруден бас тарту шарттары мен негіздері, сондай-ақ нысаны

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

184. Хаттаманың негізінде жергілікті атқарушы органдар күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей Конкурстың жеңімпазымен Шарт жасасады. Шарт кемінде үш жыл мерзімге жасалады (қолданылып жүрген маршруттар бойынша қосымша қозғалыс кестелеріне қызмет көрсету құқығы жөніндегі шарттарды қоспағанда).

185. Шарт жасасқан Конкурс жеңімпазына маршрутта жұмыс істеу құқығын растайтын Куәлік беріледі (Шартты қолданудың барлық мерзіміне). Көрсетілген тасымалдауды Куәліксіз жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

186. Шартты жасасқан және Куәлікті бергеннен кейін жергілікті атқарушы органдар 5 жұмыс күннен кешіктірмей автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға Куәліктің және тасымалдаушы мен тиісті жергілікті атқарушы орган арасында жолаушылар мен багажды қалааралық облысаралық автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыруға жасасылған Шарттың көшірмелерін береді.

187. Куәлікті облыстың (қаланың, ауданның) жергілікті атқарушы органдары типографиялық тәсілмен дайындайды, ол кемінде үш қорғаныш дәрежесі бар және қатаң есептілік бланкі болып табылады.

188. Куәліктер тасымалдаушыға, маршрутта пайдаланылатын автокөлік құралдарының тиісті санына сәйкес келетін мөлшерде беріледі және тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автобустардың, шағын автобустардың жүргізушілерінде болады.

Егер куәліктің түпнұсқасын автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган берген болса, тасымалдаушы (жүргізуші) маршрутта осы орган растаған куәліктің көшірмесін қолдана алады.

189. Маршрутта (маршруттарда) жұмыс істеу құқығы үшінші тарапқа берілмейді.

190. Осы маршрутта паритетті тасымалдаушы (тасымалдаушылар) бар кезінде жергілікті атқарушы орган анықтаған тасымалдаушылар барлық тасымалдаушылар арасында бірлескен қызмет туралы шарт жасайды.

Рұқсат құжаттары берілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға сәйкес (қалалықтан (ауылдықтан) басқа) тасымалдаушы мен автовокзалдардың, автостанциялардың әкімшілігі, жолаушыларға қызмет көрсету пункті жасаған шарттардың көшірмелерін ұсынады.

191. Егер автомобиль көлігі саласындағы заңнамада өзгеше көзделмесе, жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдаудың республикаішілік ұйымдастыру шарты қолданысы тоқтатылғанға дейін күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей жергілікті атқарушы орган осы шарт бойынша қызмет көрсетілетін маршруттарға конкурс жариялайды. Бұл ретте конкурс жеңімпазымен жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдауды ұйымдастыру шарты жасалады, ол осы маршрутқа қолданылатын шарт аяқталған күннен бастап күшіне енеді.

Тасымалдаушы жергілікті атқарушы органға осы шарт бойынша қолданысын тоқтатқан куәліктерді береді.

192. Тасымалдаушының бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тасымалдауды ұйымдастыру шарты бұзылған жағдайда, соңғысы жергілікті атқарушы органдарды күнтізбелік 45 күннен кешіктірмей ол туралы хабардар етеді.

193. Шартты мерзімнен бұрын бұзған жағдайда конкурстардың ұйымдастырушысы осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерде және шарттар бойынша жаңа конкурс өткізгенге дейін маршруттарға үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін 80% артық тасымалдауды орындау жиілігімен басқа маршруттарда тасымалдау тәжірибесі оң болған басқа тасымалдаушыны белгілеуге құқылы.

194. Осы Қағидалардың 191-тармағында көрсетілген мерзімдерде тасымалдаушы айқындалмаған жағдайда, маршрутты ұйымдастырушы тасымалдаушы айқындалғанға дейін маршрутқа қызмет көрсетуден бұрын осы маршрутқа қызмет көрсеткен тасымалдаушыға оның келісімімен береді.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а . 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

196. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар берген Куәліктердің қолданысын осы орган:

1) тасымалдаушының жазбаша өтініші;

2) егер тасымалдаушы автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның келісімінсіз маршруттардағы автобустардың қозғалыс кестесі мен схемасына өзгерістер енгізсе;

3) егер тасымалдаушы куәліктің қолданылу кезеңінде күнтізбелік 15 күн бойы маршрутта жолаушылар тасымалдауды орындамаса;

4) төмен жиілік (отыз күнтізбелік күнде жетпіс пайыздан кем);

5) тасымалдаушының (тасымалдаушы жүргізушісінің) кінәсі бойынша адам өліміне соқтырған жол-көлік оқиғасының болуы;

6) маршрутта автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар берген куәліктерде көзделмеген автобустарды, шағынавтобустарды пайдалану;

7) маршрутта (маршруттарда) қызмет істеу құқығын үшінші тарапқа беру жағдайларында тоқтатады.

Ескерту. 196-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-тарау. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

197. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес автомобиль тасымалдау жол желісі және тиісті автокөлік құралдары үшін рұқсат етілген жол құрылыстары бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Тасымалдауды жүзеге асыру алдында тасымалдаушы болжанып отырған тасымалдау маршрутындағы жолдар мен жол құрылыстардың жай-күйін, оның ішінде жол органдары мен ӘПК-ге сұрау салу түрінде алдын ала зерттеуді жүргізеді.

198. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы автокөлік құралында жүргізушінің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан және автокөлік құралының рейс алдындағы техникалық тексеруден өткені туралы белгілер бар борт журналының болуын қамтамасыз етеді.

199. Жолаушыларды және багажды тұрақты емес тасымалдау, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

200. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде аялдама пункттері жолаушылардың қауіпсіз отырғызылуы мен түсірілуін қамтамасыз етуі және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерімен сәйкес келмеуі тиіс.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінде аялдама жасау, сондай-ақ оларда жолаушыларды отырғызу және түсіру жүзеге асырылмайды.

201. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар автовокзалдар (автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункіттер) аумағынан және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша жолаушыларды отырғызбайды.

202. Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы

4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 13-тармағына сәйкес жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар тасымалдаушылар жүзеге асырады.

203. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде жолаушыларды автобустағы отыратын орындардың санынан асатын мөлшерде

тасымалдауға және өлшемі 60х40х20 см және салмағы 35 кг артық қол жүгін тасымалдауға жол берілмейді.

Өлшемі осы тармақта көрсетілген өлшемдерден асатын жолаушылардың мүлігі автокөлік құралдарының багаж бөлімшесінде немесе автобусқа, шағын автобусқа еріп жүретін багаж автомобилінде тасымалданады.

204. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау кезінде жол жүру және багажды алып жүру төлемін жолаушылар тасымалдаушыға (жүргізушіге) шарттың талаптарына сәйкес төлейді.

204-1. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес сапарды жүзеге асыру кезінде:

1) жол жүру құжаттарына қандай да болмасын түзетулер енгізуге;

2) автобустың, шағын автобустың салонында багаж алып жүруге;

3) темекі тартуға, қоқсытуға, спирт ішімдіктерін ішуге;

4) жүргізушіні әңгімемен алаңдатуға, сондай-ақ автобустың қозғалысы кезінде салон ішінде жүруге;

5) от қауіпті, жарылғыш, улағыш, жеңіл тұтанатын, улы, уытты және күлімсі иісті заттарды, құндағы және дәрімен атылатын ілеспе құжаттары жоқ қаруды, сондай-ақ жолаушыларға не автобус салонының жабдығына немесе жарағына залал (ластау немесе зақымдау) келтіруі мүмкін заттар мен бұйымдарды тасымалдауға жол берілмейді.

Ескерту. 1-параграф 204-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жолаушылар мен багажды бір жолғы сипаты бар тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

205. Жолаушылар мен багажды бір жолғы сипаты бар тасымалдауды әдетте, бір ғана жолаушылар тобын тасымалдың бастапқы пунктінен соңғы пунктіне жеткізу және осы пункттердің арасында не көрсетілген бағыттардың бірінде жолаушыларды отырғызбай және түсірмей кері әкету мақсатында жүзеге асырылады.

206. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-тарау. Тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен жолаушыларды және багажды тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

207. Жолаушылар мен багажды тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен тасымалдаудың жүйелік сипаты бар және азаматтарды жұмыс, оқу орындарына жеткізу мақсатында, сондай-ақ туристік және экскурсиялық тасымалдауды жүзеге асыру үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. 207-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. Тәрбиелеу және білім беру мекемелерінің өтінімдері бойынша балаларды тапсырыс бойынша тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

210. Жолаушыларды және багажды тапсырыс берілген автобустармен және шағын автобустармен тасымалдау қызметтерге тапсырыс беруші мен тасымалдаушының арасындағы жазбаша шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, оның көшірмесі автокөлік құралында болуға тиіс.

11-тарау. Жолаушыларды және багажды таксилермен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

211. Қызметті көрсетуді бастағанға дейін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген Хабарламаларды қабылдау қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 10194 болып тіркелген) аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органына такси тасымалдаушысы ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама береді.

Таксимен жолаушылар мен багажды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде қызметті хабарландыру тәртібінің талаптарын сақтамай жүзеге асыруға жол берілмейді.

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы такси тасымалдаушысы ретінде қызметті жүзеге асыруды бастау туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді.

Таксимен тасымалдаушы тізілімнен шығару өтініш берушінің өтініші, соттың қызметіне тыйым салу туралы шешімі немесе такси тасымалдаушысымен осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындамауы бойынша жүргізеді.

Ескерту. 211-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

212. Такси тасымалдауды жүзеге асыру үшін кемінде төрт бүйір есігі бар, сериялы шығарылатын жеңіл автомобильдер қолданылады.

Арнаулы басқаруы бар автокөлік құралдарын такси тасымалдауы үшін қолдану, соның ішінде барлығы қолмен, сондай-ақ басқару рулі оң жақтағы рұқсат етілмейді.

213. Жолаушыларды таксиге отырғызу және одан түсіру арнайы жабдықталған такси тұрақтарында немесе автомобильдердің тоқтауына жол қозғалысы ережелерінде рұқсат етілген жол желісінің учаскелерінде жүргізіледі.

214. Жолаушылар мен багажды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде таксимен тасымалдаушы:

1) жолаушылар мен багажды тасымалдау үшін түсі біркелкі және осы Қағидалардың 341-тармағына сәйкес айырым белгілері бар таксилерді пайдалануды;

2) автокөлік құралдарының рейс алдында техникалық қарап тексеруден, сондай-ақ медициналық қарап тексеруді жүзеге асыруға шарт жасасқан, жоғары немесе орта медициналық білім туралы дипломы бар адамның такси жүргізушілерін рейс алдында және рейстен кейін медициналық қарап тексеруден өтуін;

3) таксидің ақауы болған жағдайда оны уақтылы ауыстыруды;

4) жолаушының такси көрсететін қызмет құны (бағасы) туралы хабардар болуын;

5) он және одан көп такси болған кезде әрбір он таксиге шаққанда арнайы жүріп-тұру құралдарын пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау үшін ыңғайластырылған кемінде бір таксиінің болуын;

6) такси жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауды;

7) жол құжаттарын ресімдеуге қамтамасыз етеді.

Ескерту. 214-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

214-1. Жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушының:

1) такси тұрағы, жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін арнайы жабдықталған такси тұрақтарын пайдалануға;

2) жол жүрісі қағидаларының талаптарын сақтай отырып, жол желісінің кез келген учаскелерінде жолаушыларды отырғызуды және түсіруді жүргізуге;

3) ақпараттық-диспетчерлік қызметтің немесе ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөніндегі шарттың болуын қамтамасыз етуге;

4) автокөлік құралын таксометрмен жабдықтауға;

5) жергілікті атқарушы органдарға арнайы жабдықталған такси тұрақтарын ұйымдастыру жөнінде ұсынымдар беруге құқығы бар.

Ескерту. 1-параграф 214-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

215. Жабдықталған такси тұрақтарында жолаушылар таксиге отыруды кезекті тәртіппен жүзеге асырады. Таксиге кезектен тыс отыру құқығын мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер, жүкті әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушылар пайдаланады.

Ескерту. 215-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

216. Жүріп келе жатқан таксиді, егер:

1) онда бос орындардың жеткілікті саны болса;

2) таксидегі жолаушы осылай тоқтауға келісім берсе, қол көтеріп тоқтатуға болады.

217. Жолаушы бос таксиге отыру кезінде жүргізушіге жүру маршрутын көрсетеді. Егер жолаушы өз бетімен оңтайлы жүру маршрутын анықтай алмай, тек қана сапардың соңғы пунктін атайтын болса, онда жүргізуші жолаушыны барынша қысқа жолмен баратын орнына жеткізеді.

218. Жолаушының таксиге отыруы және одан түсуі толық тоқтағаннан кейін жүзеге асырылады. Жолда тоқтау кезінде отырғызу және түсіру автокөліктің оң жағынан жүзеге асырылады.

219. Жолаушы тасымалдау шартын бұзбай таксиден түсіп кеткен жағдайда жүргізуші таксидің жолаушыны күтіп тұрып қалған алдын ала келісілген бүкіл кезеңіне ақшалай кепілдік талап етеді.

Егер жолаушы оны күтіп тұрған такси-автомобильге алдын ала келісілген уақыт ішінде қайтып келмесе, тасымалдау шарты тоқтатылды деп есептеледі.

2-параграф. Таксимен жол жүру төлемі

220. Такси жіберуге тапсырыстың құнын жолаушы сапар аяқталған соң төлейді. Таксимен жол жүру төлемін жолаушы таксометр көрсеткіштеріне сәйкес өзі жүріп

өткен қашықтық үшін алдын ала келіскен тарифке сәйкес немесе кассалық бақылау машинаны қолданумен сапарды ұйымдастыру туралы ауызша шарттың негізінде сапар аяқталған және багаж түсірілген соң төлейді. Аяқталған сапар үшін төлем туралы түбіртектер мен анықтамалар жолаушылардың талабы бойынша беріледі.

221. Егер таксимен тасымалдау процесінде, оның қозғалысын жалғастыру жүргізушіге қатыссыз жағдайлар бойынша мүмкін болмайтын жағдай туындаса, онда тасымалдау шарты мерзімінен бұрын бұзылған деп есептеледі және жолаушы жүрілген қашықтықты төлейді.

3-параграф. Қол жүгін, ұсақ жануарларды және багажды таксимен тасымалдау

222. Жалпы салмағы автомобильдің техникалық құжатында көзделгеннен аспайтын багажды таксидің багаж бөлімшесінде және тек багаж бөлімшесінің қақпағы жабық жағдайда ғана тасымалдауға рұқсат етіледі.

223. Багажды тиеу мен түсіруді таксидің жүргізушісі жүзеге асырады.

224. Таксидің салонында есік ойықтары арқылы еркін өтетін, салонның қаптамасы мен жабдығын бүлдірмейтін және ластамайтын, жүргізушіге автомобильді басқаруға кедергі болмайтын және артқы жақты көру айнасымен байқауды шектемейтін түрлі заттар мен бұйымдарды тасымалдауға рұқсат етіледі.

225. Таксиде ұсақ жануарлар мен құстарды себеттермен, торлармен немесе түбі тұтас сумкалармен тасымалдауға рұқсат етіледі.

Таксиде иттерді тасымалдауға тек мұндай тасымалға жүргізуші мен басқа жолаушылар келісетін болса ғана рұқсат етіледі.

12-тарау. Ұйымдастырылған балалар топтарын тасымалдау

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

226. Осы тараудың ережелері оқу, демалу, туристік-экскурсиялық іс-шаралар, спорттық, мәдени-ағартушылық және басқа да іс-шаралар орындарына балаларды жеткізу үшін (бұдан әрі – балаларды тасымалдау) бөлінген автобустармен үлкендерсіз (осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тағайындалған еріп жүретін адамдардан басқасы) сегіз және одан артық балалардың топтарын арнайы тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды регламенттейді.

227. Көлік лектеріндегі қозғалыспен ұйымдастырылған, бір-екі және одан көп автобустардың топтары жүзеге асыратын балаларды тасымалдау балаларды жаппай тасымалдау болып танылады.

228. Балаларды тасымалдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

229. Балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі – тапсырыс беруші) балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін.

230. Тапсырыс беруші оларға ұқсас қызмет көрсету мүмкіндігі ұсынылған жағдайда тасымалдаушының функцияларын дербес орындауы мүмкін.

Бұл жағдайда тапсырыс беруші осы Қағидалардың тасымалдаушыларға қатысты талаптарын орындайды.

231. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-6)-тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидалары (бұдан әрі - Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру қағидалары) талаптарын және мынадай жағдайларды ескере отырып:

маршруттар бойынша ұзақтығы 12 сағатқа дейін бір жүргізушімен, 12 сағаттан жоғары екі жүргізушімен;

маршруттар бойынша ұзақтығы 16 сағаттан артық жүргізушілердің және жолаушылардың кем дегенде 8 сағат толыққанды демалу үшін (қонақ үйлерде, кемпингілерде) жағдайларды қамтамасыз етуді ескере отырып, жүргізушілердің жұмысын ұйымдастырады.

232. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау (экскурсиялық және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көлік түрімен балаларды жеткізуді ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

233. Мектепке дейінгі жастағы балаларды егер жолда 4 сағаттан артық болған кезінде автомобиль көлігімен тасымалдады жүзеге асырмайды.

234. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда ғана орындауы мүмкін.

235. Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші емес балалар рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі жұмысшыларының, сондай-ақ ата-анасымен және оларды ауыстыратын адамдармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

236. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тасымалдаушы ӘПК-ні, маршруттағы қозғалысты қадағалауды күшейту және екі және одан артық автобустардың лектеріне жол-патрульдік полициясының арнайы автокөлік құралдарының еріп жүруі туралы мәселені шешу бойынша шаралар қабылдау үшін хабардар етеді.

237. Автобустарда жол жүруге мынадай балаларға және ересек еріп жүрушілерге рұқсат етілмейді:

1) қауіпсіздік шараларын бұзуға әкеп соғатын, толқыған жай-күйінде;

2) алкоголь, есірткі, психотропты және улағыш заттардың әсері болғанда.

2-параграф. Балалардың тасымалдауына тапсырыс берушінің әрекеті

238. Автобустармен балаларды тасымалдауды балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс берушінің жазбаша өтінімдері негізінде тасымалдаушылар жүзеге асырады.

239. Өтінімде балаларды тасымалдау күні (күндері), уақыты, олардың саны мен жасы, жол жүру маршруты (бастапқы, соңғы және аралық пунктілер), отырғызу және түсіру орындары, тегі, аты, әкесінің аты және балалардың тасымалдауын ұйымдастыруға жауаптының лауазымы және әрбір автобус бойынша еріп жүретін ересек көрсетіледі.

Тапсырыс беруші меншікті көлігін тапсырылған автобустарға қосымша бөлу жағдайында тасымалдауға арналған көлік бірлігінің бөлінетін саны көрсетіледі.

Өтінімге тапсырыс беруші ұйымның бастығы немесе оның орынбасары қол қояды.

240. Тапсырыс беруші тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда лауазымды адамдардың, топтар бастықтарының, бірге еріп жүрушілердің міндеттері, маршруты, мезгілдері, дайындау және жол жүруді өткізу тәртібі, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

241. Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыруға арналған өтінімдер тасымалдаудың басталуына дейін 3 тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

242. Балаларды жаппай тасымалдауды орындау алдында тапсырыс беруші 3 тәуліктен кешіктірмей тасымалдаудың бастапқы белгіленген мерзіміне дейін ӘПК-ге жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және мынадай көрсеткіштерді көрсете отырып, ӘПК-ге арнайы автомобильдерімен автобустардың еріп жүруі туралы мәселелерді шешу үшін ресми өтінім ұсынады:

1) күндері және қозғалыс маршруты;

2) санитарлық заңнаманың талаптарына сәйкес жабдықталған маршруттың бақылау пункттерінен өту уақытын, аялдама және демалу орындарын анықтау енгізілетін

жүргізушілердің еңбек және демалыс режимінің талаптарына жауап беретін қозғалыс кестесі;

3) медициналық көмек көрсету, ауруханалар пункттердің көрсетілуімен қозғалыс жолының схемасы;

4) белгіленген жағдайда медициналық еріп жүруді растау;

5) автобустың (автобустардың) маркалары және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін, білім беру аумақтық органдарымен бекітілген балалардың және оларға еріп жүретін адамдардың тізімін қоса бере отырып, балалардың тасымалдауын орындайтын жүргізушілердің аты-жөндері.

243. Балаларды жаппай тасымалдауды орындау алдында қосымша тапсырыс беруші :

1) автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау кезінде қауіпсіздік шаралары, ауырған және зақымданған кезде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша арнайы нұсқаулықпен – топтардың және еріп жүрушілердің жетекшілерін дайындауды ұйымдастырады;

2) мүмкіндік бойынша топтардың және еріп жүрушілердің жетекшілерін ұялы телефонмен қамтамасыз ету шараларын қабылдайды, тапсырыс берушінің әкімшілік өкілдерімен байланыс, жол жүру және жол жүруде туындаған ойда болмаған мәселелерді келісу барысы туралы баяндамалар мерзімдерінің тәртібін белгілейді;

3) топтардың және еріп жүрушілердің жетекшілерін маршрут жүретін аудандардың "жедел көмек көрсету", құтқару қызметтерінің, ӘПК-нің және полиция бөлімдерінің телефон нөмірлерімен қамтамасыз етеді және балаларға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көмек көрсету қажет болған жағдайда оларға жүгіну тәртібін анықтау;

4) балаларды қоса алғанда, барлық жол жүру қатысушыларының ұялы телефондарының нөмірлері тізімін құрайды және осы тізіммен барлық ересек еріп жүрушілерді қамтамасыз етеді;

5) жол жүруге тілек білдіруші балалардың іріктеуін және олардың ата-аналарынан жазбаша түрде келісімін алуын қамтамасыз етеді;

6) жол жүруге жіберілгендер санынан денсаулық жағдайы бойынша жақпайтын балаларды табу және алып тастау бойынша балалардың медициналық тексеруін ұйымдастырады;

7) "Жол қозғалысының ережелерін, Көлік құралдарын пайдалануға жіберу жөніндегі негізгі ережелер мен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лауазымды адамдар мен жол қозғалысына қатысушылардың міндеттерін және Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген жол қозғалысы ережесінің "3. Жаяу

жүргіншілердің міндеттері" және "4. Жолаушылардың міндеттері" деген тарауларын, сондай-ақ қауіпсіздік және автокөлікпен жол жүру кезіндегі ереженің шараларын балаларға оқытуды қамтамасыз ету;

8) жол жүруге дайындық кезінде балалар және олардың ата-аналары тиісті климаттық және жол киімі жағдайларына, аяқ киіміне, жеке гигиена құралдарына назар аударады;

9) балалардың тобына созылмалы ауруы бар балалар енгізілген жағдайда ескеріп, жол жүру уақытында дәрігер белгілеген қажетті дәрілердің, дәрілік құралдардың және тану материалдарының қажетті жиынтығымен дәрі қобдишасының әрбір автобуста бар болуын қамтамасыз етеді;

10) мүдделі адамдардың қатысуымен жол жүрудің ұзақтығы үш сағаттан артық кезінде балаларды сынбайтын ыдыстармен және тамақ өнімдерінің жиынтығымен (жолда тамақтық сапаларын кепілді сақтайтын, тамақтық улануды болдырмайтын құрғақ жарналармен) қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

11) ұзақтығы бір күннен артық жол жүру кезінде қоғамдық тамақтану мекемелерінде (асханаларда, кафелерде) ыстық тамақты күн сайын үш мезгіл қабылдауды, сондай-ақ мамандандырылған мекемелерде (қонақ үйлерде, кемпингілерде) қонуды қамтамасыз етеді;

12) қалааралық тасымалдау кезінде маршруттан ауытқуын болдырмайтын және қозғалыс басы 6.00-ден ерте емес және соңғысы немесе қону аялдамасы 22.00-ден кешіктірмей көздейтін тасымалдаушымен бірлесіп тасымалдау кестесін жасайды;

13) маршрутты немесе қозғалыс кестесін өзгерту мүмкіндігін, ал қажет болған жағдайда және метеорологиялық және жолдардың жағдайлары нашарлаған кезде, балалардың тасымалдауын алып тастау үшін егер бұл жағдайлар тасымалдау қауіпсіздігіне қатер туғызатын болса маршрутты қысқартуды көздейді (көз көрерлік, тұман, қар басу, жаңбыр, тайғақ, сондай-ақ дауыл және басқа апат жағдайлары кезінде);

14) жол жүрудің алдында балаларға маршрутты, аралық және соңғы пункттердің атауын, тамақтану, демалу, түнеу үшін аралық аялдамалардың шамамен алған уақытын хабарлайды, қауіпсіздік шаралары және мінез-құлық ережелері, өздерінің ұялы телефондарының нөмірлері және топтан қалып қойған кезде іс-қимыл тәртібі туралы хабарлайды.

3-параграф. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыруға автобустарды дайындау

244. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары " Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 23-10)-тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.сәйкес.

245. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 наурыздағы № 309 қаулысымен бекітілген "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болуы тиіс.

246. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

247. Балаларды тасымалдауды бастамастан бұрын осы талаптарға сәйкес болуын тасымалдаушы пайдаланатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік жүктелген лауазымды адам тексеруі тиіс (бас инженер, техникалық бақылау бөлімінің бастығы, өзге де жауапты адамдар).

Соның ішінде, автобустан авариялық шығулардың және оларды қимылға келтіретін құрылғылардың, есіктерді басқару сымдарының, төбедегі желдетпе люктердің қақпақтарын ашу тетіктерінің, салонды желдету және жылыту жүйелерінің, есіктер жұмысының сигнал берулері мен аялдаманы талап ету сигналының, дыбыс сигналының дұрыстығы; орындықтардың, тұтқалардың, ілме басқыштардың, желдеткіштердің жай-күй мен бекітілуі, өрт сөндіргіштердің бар болуы және бекітілуі, дәрігерлік дәрі қобдишасының жабдықталуы тексерілуі тиіс.

Террорлық актілердің алдын алу мақсатында бөтен заттардың бар болуына автобустарды мұқият тексеру жүргізіледі.

Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адам автобустың техникалық жарамдылығы және балаларды тасымалдауға дайындығы жөнінде жолпарақта немесе өзге ресми құжатта белгі қояды.

248. Балаларды жаппай тасымалдау үшін екі және одан көп автобустар бөлінген жағдайда тексеру ӘПК-і қызметкерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Тікелей рейс алдында автобустардың техникалық жай-күйін бақылау және оның нәтижелерін тіркеу белгіленген тәртіппен қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

249. Балаларды тасымалдауға бөлінген автобустарда орындықтардың орналасуы жол жүрген кезде оларды алып жүретін ересектерге өздерінің орындарынан балалардың мінез-құлқын бақылауға мүмкіндік беруі тиіс.

4-параграф. Балаларды тасымалдауды ұйымдастыру

250. Егер балалар тасымалдау кезінде бірнеше тасымалдаушыға тиесілі автобустар пайдаланылатын болса, онда қозғалыс қауіпсіздігі және көлік құралдарын пайдалану үшін жауапты адамдар тасымалдаушылардың тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың барлық кезеңдеріндегі өзара іс-қимыл тәртібін белгілейді.

251. Балалардың топтарын көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар), сондай-ақ 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға жол берілмейді. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонатын жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

252. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

253. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

254. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс. Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

255. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

256. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

257. Балаларды тапсырыспен тасымалдауды ұйымдастыру кезінде елді мекендерді жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдаушы:

автомобиль жолдарының, балаларды отырғызу және түсіру пункттерінің жағдайын комиссиялық тексеру үшін облыстың жергілікті атқарушы органдарына жүгінеді;

балалардың тасымалдауын жүзеге асыратын автобустардың өту уақытын көрсете отырып, арнайы аялдау орындарын маршруттарда белгілейді.

258. Балаларды теміржол өткелдері арқылы өтетін тапсырыспен тасымалдауды ұйымдастыру оларды кешенді тексеруді және қарамағында темір жол өткелдері бар ұйымдардың бастықтарымен маршрут қозғалысын келісуді қамтуы тиіс.

259. Реттелмеген теміржол өткелдері арқылы балалардың тапсырыстық тасымалдауды ұйымдастыру жүзеге асырылмайды.

260. Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушіден патрульдік автомобильді лектерге ілесіп жүруге бөлу туралы ӘПК-нің міндетті белгілеу бар жазбаша өтінімді ұсынады. Аталған белгісінсіз автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды. Өз кезегінде тасымалдаушы балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ маршруттың қозғалысын бақылауды күшейту бойынша шаралар қолдану үшін ӘПК-ні хабардар етеді.

261. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын; отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 м қашықтықта орналасуы тиіс.

262. Балаларды жаппай тасымалдау үшін автобустарды бөлу кезінде тасымалдаушы лектердің үлкенін тағайындауға (үш және одан да көп автобус кезінде көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігіне немесе пайдалануға жауапты адамдардың

санынан, ал екі автобус кезінде – осы автобустардың жүргізушілерінің санынан; үлкені болып тағайындалған жүргізушінің автобустарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс) тиіс.

263. Балаларды тасымалдау маршрутының рұқсат етілген ұзақтығы жүргізушінің жұмыс ауысымы ұзақтығының нормативтерін сақтауын, қозғалыстың қауіпсіз жылдамдық режимін сақтауын негізге ала отырып, сондай-ақ тәуліктің күндізгі уақытында балаларды тасымалдауды жүзеге асыру талаптарын ескере отырып белгіленеді.

264. Автобустың салонында багаж орналаспайды. Автобуста багаж бөлімдері болмаған кезде багажды тасымалдау жүк немесе басқа қосымша көлік құралдарының көмегімен қамтамасыз етіледі.

5-параграф. Балаларды алып жүруге және балалармен сабақ өткізуге жауапты адамды дайындау

265. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын белгілеуге жол беріледі).

266. Бір мекенжайға екі және одан көп автобустар бөлінген жағдайда тапсырыс беруші әрбір автобусқа еріп жүрушілерден басқа бүкіл балаларды тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптыны белгілейді.

267. Бір-екі және одан көп автобустан тұратын лектермен балаларды қалааралық тасымалдау кезінде тапсырыс беруші лектермен медициналық қызметкердің бірге жүруін қамтамасыз етеді.

268. Балаларды алып жүруі үшін тапсырыс беруші белгілеген адамдар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқама алады.

269. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

Нұсқаманың өткізілуі туралы белгі және нұсқама алған тұлғаның қолы нұсқаманы есепке алу туралы арнайы журналға қойылады. Ілесіп жүрушілер нұсқаманы өтпесе, автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды.

270. Нұсқаманы өту кезінде мынадай тәртіп егжей-тегжейлі жазылады:

1) автобустардың отырғызу орындарына берілуі, балаларды отырғызу және түсіру ережелері;

2) автобуста қол жүгін орналастыру және багажды тасымалдау;

3) автобус салонында болғанда, балалардың жиналу, отырғызу және түсіру орындарында өздерін ұстауы;

4) ілесіп жүрушілердің жүргізушімен өзара іс-қимылы;

5) салондағы жабдықтарды: желдеткіш люктерді, аялдауды талап ету сигналдарын, желдеткіштерді пайдалану;

6) автобустың аялдауы кезінде балаларды бақылау.

271. Нұсқаманы өткізу кезінде төтенше жағдайлармен байланысты мәселелер қосымша көрініс табады (мәжбүрлі аялдау, автобустың сынуы, ЖКО, терроршылардың автобусты басып алуы), соның ішінде:

1) жолаушыларды эвакуациялау тәртібі;

2) автобустан апаттық шығуларды пайдалану және құрылғыларды қолдану, оларды іске келтіру тәртібі;

3) өрт сөндіргіштерді, алғашқы көмек көрсету дәрі қобдишасын пайдалану ережелері.

272. Балаларды жаппай тасымалдау кезінде тапсырыс беруші ілесіп жүрушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша нұсқаманы медициналық қызметкердің жүргізуін қамтамасыз етеді.

6-параграф. Балалардың тасымалдауын жүзеге асыратын жүргізушілерге, олардың еңбектерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

273. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар ;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушінің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

Сыйымдылығы 41 орынды автобустармен балаларды тасымалдауға тағайындалған, сондай-ақ қалааралық қатынастағы балаларды басқа да тасымалдаудағы жүргізушілердің автобустардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

274. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарда балаларды тасымалдауға рұқсат етілуі тиіс өзіндік кәсіби сипаттамалары бойынша жүргізушілердің тізімі құрылуы тиіс, көрсетілген тізім жыл сайын жаңартылады және тиісті бұйрықпен бекітіледі.

275. Тасымалдаушы рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтпеген жүргізушіні жол жүруге жібермейді.

276. Балаларды кез келген тасымалдаумен айналысатын жүргізушілердің жұмыс ауысымының ұзақтығы 12 сағаттан аспауы тиіс.

Балалар тасымалын жүзеге асыру алдындағы жүргізушінің ауысым арасындағы демалу ұзақтығы демалу алдындағы жұмыс күнінің (ауысым) жұмыс уақытынан кемінде екі есе ұзақтау болуы тиіс.

Егер қозғалыс режимі жүргізушінің 12 сағаттан асатын жұмыс уақытының ұзақтығын көздесе, рейске екі жүргізуші жіберіледі.

Ескерту. 276-тармаққа өзгеріс енгілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

277. Балаларды тұрақты және маусымдық тасымалдау алдында, сондай-ақ бір реттік тасымалдауды жүзеге асыру алдында жол жүру қауіпсіздігіне немесе көлік құралдарын пайдалануға жауапты лауазымды адамдар (тасымалдау жөніндегі директордың орынбасары, қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі директордың орынбасары, автолектің бастығы, өзге де жауапты адамдар), жүргізушілермен маршруттағы қозғалыс және жұмыс тәртібі, шарттары және ерекшеліктері туралы арнайы нұсқама жүргізеді. Тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру процесінде, егер оларды бір және сол ғана маршрут бойынша бір және сол жүргізуші жүргізсе (соның ішінде және жалпы қолданыстағы автобустардың қозғалыс кестесіне қосымша бөлінетін арнайы мектеп рейстерін жүзеге асыру кезінде), жол-көлік оқиғаларының болғаны, жол-климаттық жағдайлардың және маршрутта қозғалыс режимдерінің өзгеруі және басқалар туралы ақпарат алған жағдайда, айына бір рет арнайы нұсқама жүргізіледі.

278. Арнайы нұсқамаға мынадай деректер кіруі тиіс:

1) осы ұсынымдарға сәйкес балаларды автобустармен тасымалдау тәртібі туралы;

2) маршруттағы жол жағдайының жай-күйі, қозғалыстың ерекшеліктері және жылдамдық режимдері туралы;

3) маршруттағы жол-көлік оқиғаларының қауіпті учаскелері және шоғырлану орындары, маршрутта орналасқан қауіптілігі жоғары орындардан жүріп өту тәртібі туралы (теміржол өткелдері, жолөткелдері, көпірлер), соның ішінде жүргізушіге берілген маршруттың сұлбасын пайдалана отырып, нақты жағымсыз жол-климаттық жағдайларда қауіпсіздігі жоғары сипатталған қозғалыс учаскелері туралы;

4) лектің үлкенімен өзара іс-қимыл тәртібі және лектегі қозғалыс тәртібі туралы (жаппай тасымалдау кезінде);

5) балаларды тасымалдауды орындау кезінде автобус бойынша жүргізушілердің және еріп жүрушілердің өзара әрекеттесуі және жауапкершілік аясын бөлу тәртібі туралы;

6) туристерге және экскурсанттарға қызмет көрсету ережелері туралы (туристік-экскурсиялық тасымалдау кезінде);

7) қауіпті жол жағдайлары туындаған кездегі, маршрутта жол-климаттық жағдайлар кенеттен нашарлаған кездегі, автобустың техникалық бұзылуы туындаған кездегі, жолда жүргізушінің және жолаушылардың денсаулық жағдайы нашарлаған кездегі,

қылмыстық элементтер автобусты басып алуға әрекет жасаған немесе басып алған кездегі іс-әрекеттер;

8) ЖКО қаупі немесе туындаған кезінде жүргізушінің іс-әрекеті туралы (соның ішінде автобустан жолаушыларды шұғыл эвакуациялау тәртібі, зардап шеккендерге бірінші көмек көрсету);

9) желідегі жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау және автобуста өрт туындаған кездегі іс-әрекеттер туралы;

10) жол қозғалыс ережелерін бұзғаны, жолаушылардың өмірі және денсаулығы үшін жүргізушінің жауапкершілігі туралы.

Арнайы нұсқаманы жүргізгені және нұсқаманы өткен жүргізушінің қолы туралы белгі нұсқаманы есепке алу журналында тіркеледі. Жүргізуші бір жолғы тасымалдауды жүзеге асырған кезде жүргізушінің нұсқаманы өткені туралы белгі арнайы журналдан басқа жол жүру парағында да жасалады.

279. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

7-параграф. Аялдама және отырғызу орнына автобустарды беру

280. Жиналу орнына келген бойдан жүргізуші тапсырыс берушінің осы Қағидалардың 244 және 245-тармақтарында көрсетілген тасымалдау шарттарын нақты қамтамасыз етуін тексереді. Егер автобус бойынша еріп жүрушілер жоқ болса немесе еріп жүрушілер мен балалардың нақты саны автобустағы отырғызу орны санынан асып кетсе, балаларды тасымалдау жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 280-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

281. Бір мекенжайға екі және одан артық автобустар бөлінген жағдайда лектердің аға жетекшісі автобустардың олардың тұрақтауы үшін бөлінген алаңшада орналасуын қамтамасыз етеді.

Автобустардың тұрақтау орындарында және отырғызу (түсіру) орындарында автобустарды беру кезінде балаларды тасымалдауға қатысы жоқ көлік құралдары, сондай-ақ шығарып салушылар (күтіп алушылар) және бөтен адамдар болмайды.

282. Тұрақтау және отырғызу (түсіру) орындарында тұрған автобустар қол тежегішімен тоқтатылған, ауыстыруы қосылған және қозғалтқышы істемей тұруы тиіс.

283. Автобустар тұрақтау орындарында тұрған кезде жүргізушілерге олардан алыстап кетуге тыйым салынады.

284. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілер балаларды отырғызу (түсіру) және бағыт бойынша қозғалу кезінде автобус бойынша еріп жүрушілердің нұсқауларын орындайды, егер олар Жол қозғалысы ережелеріне, осы Қағидалар талаптарына, жол қозғалысы қауіпсіздігінің өзге де талаптарына қайшы келмесе және егер осы нұсқаулар еріп жүрушілердің құзыреті аясына кіретін болса (балалардың тәртібі, олардың денсаулығы және қауіпсіздігі).

285. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

286. Еріп жүрушілер балаларды автобусқа отырғызуға дейін:

1) балалардың қауіпсіз орынға жиналуын қамтамасыз етуі тиіс. Жиналу орны отырғызу орнынан 15 метрден аз емес қашықтықта орналасуы;

2) келген балаларды қолда бар тізім бойынша салыстыруы және іс-жүзінде келген балаларды тізімде белгілеуі;

3) балалардың қол жүгі мен багажының өлшемі, буып-түйілуі және құрамы автобустарды пайдалану ережелерінің және автобустармен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау ережелерінің талаптарына сәйкес келуін тексеруі;

4) багаждың автобустың багаж бөлігіне немесе балалардың багажын тасымалдауға арналған арнайы көлік құралына тиелуін ұйымдастыруы;

5) автобусқа отырғызу және автобустан түсіру тәртібі туралы, сондай-ақ автобустың қозғалуы және аялдауы (тоқтауы) уақытындағы тәртіп ережелері туралы, хал-жағдайы нашарлаған жағдайдағы, сапар барысында қауіпті және төтенше жағдай пайда болған кездегі тәртіп ережелері туралы мәселелерді міндетті түрде қоса отырып балаларға нұсқама жүргізуді (бір жолғы және маусымдық тасымалдау кезінде) өткізіледі.

287. Отырғызу платформасында (аялдамада) балалар бір жерде топпен орналасады және мына мінез-құлық нормаларын сақтайды:

1) топ басшысының, ересек еріп жүрушінің рұқсатынсыз кетуге, жаяу жолдың, жолдың жағасы, отырғызу платформасы бойынша жан-жаққа тарап кетуге;

2) отырғызу платформасында (аялдамада) тұрған басқа адамдарға кедергі және ыңғайсыздық жасауға;

3) жүгіруге, бірін-бірі итеруге, қимыл ойындарын, соның ішінде доптармен және басқа да заттармен ойнауға тыйым салынады;

4) жақындап келе жатқан көлік құралы толық аялдағанға дейін отырғызу платформасының, жаяу жолдың, жолдың жағасының шетіне жақын келуге;

5) үрленген және басқа жеңіл ойыншықтарды, доптарды және өзге де жеңіл заттарды қолда алып жүруге (ұстауға), қағаз ақшаларды санауға, құжаттарды және желдің әсерінен жолға ұшып кетуі мүмкін және балалардың кенеттен жолдың жүру бөлігіне шығып кетуіне әкеп соқтыруы мүмкін басқа жеңіл заттарды алып шығаруға және қарауға.

288. Колонаның аға жетекшісі отырғызу алаңшасына автобустардың берілуін ұйымдастырады. Автобустар отырғызу (түсіру) орнына бір-бірлеп беріледі. Автобустың жүргізушісі отырғызу (түсіру) орындарына қозғалысты тек қана осы орыннан жолаушыларды отырғызу (түсіру) аяқталған кезекті автобусты жөнелткеннен кейін ғана бастауы тиіс.

289. Жүргізушіге балаларды отырғызу (түсіру) уақытында автобустың кабинасынан шығуға болмайды.

290. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптының байқауымен) автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

291. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

Отырғызған кезде жеке заттар баланың бір қолына сыйуы тиіс, басқа қолымен ол баспалдақпен салонға көтерілген кезде тұтқадан ұстауы тиіс.

292. Отырғызған кезде еріп жүрушілер балалардың:

1) жолдың жүру бөлігіне шығуына;

2) итерісуіне, төбелесуіне;

3) салонға иықтарындағы рюкзактармен және сумкалармен кіруіне (тепе-теңдікті жоғалту, өзге жолаушылардың беттері мен көздерін жарақаттану қаупін болдырмау үшін оларды отырғызудың алдында шешу қажет);

4) өту жолдары мен шығатын есіктерді жеке заттармен бөгеуге;

5) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюға жол бермейді.

293. Еріп жүруші автобусқа кезекпен кіретін балаларды қолжүгінің қауіпсіз орналасуына көңіл бөле отырып отырғызады.

294. Қол жүгі автобуста жолаушылардың қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндірмейтіндей және жүргізушінің қарау ауқымын шектемейтіндей болып орналастырылады.

Қол жүгі автобустың салонында орналастырылған кезде мынадай тәртіп сақталады:

1) егер автобуста сөрелер болса, онда оларда тек жеңіл (салмағы 1 кг аспайтын), сынбайтын, үшкір дөңестері жоқ және ұзындығы 60 см аспайтын бұйымдар мен заттар ғана орналастырылады;

2) заттар сөрелерде автобустың қозғалысы, күрт бұрылғанда, тежегенде және т.с.с. кезінде олардың құлауын болдырмайтындай етіп орналастырылуы (бекітілуі) тиіс.

295. Барлық балаларды және қол жүгін автобуста орналастырғаннан кейін еріп жүрушілер осы Қағидалардың талаптарына сәйкес:

1) балаларды санап шығуы;

2) олардың барлығы отыруға арналған орындарда орналасқанын және жеке заттарын қауіпсіздік шараларын сақтай отырып орналастырғандығын тексеруі;

3) жүргізушіден медициналық дәрі қобдишасының, өрт сөндіргіштің орналасқан жерін және оларды, авариялық люктерді қолдану тәртібі мен оларды ашу әдісін, есіктерді авариялық ашу батырмаларын және оларды пайдалану тәртібін, көлік құралының ерекшеліктерімен анықталатын өзге де қауіпсіздік шараларын нақтылауы, және де балаларға нұсқау беруі;

4) жүргізушіні отырғызу аяқталғаны туралы хабардар етуі және автобуста оларға арналған орындарды алуы тиіс.

Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

8-параграф. Автобустардың маршруттағы қозғалыс және аялдау (тұрақтау) тәртібі

296. Балаларды тәуліктің қараңғы мезгілінде тасымалдаған жағдайда фаралардың жақын немесе алыс жарығымен қоса тұманға қарсы фаралар пайдаланылуы мүмкін.

297. Лекпен қозғалған кезде автобустар олардың арасында қауіпсіз интервалды сақтай отырып, қатаң белгіленген тәртіпте қозғалуы тиіс (Жол жүру ережесінің 9-тарауының 10-тармағына сәйкес).

298. Лектің аға жетекшісі әрбір жүргізушінің Жол жүру ережесінің және осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, лектің қозғалуын қамтамасыз етуге тиіс. Балаларды екі автобуспен тасымалдаған кезде лектің аға жетекшісі бірінші автобуста, балаларды үш және одан көп автобустармен тасымалдаған кезде – соңғы автобуста орналасады.

299. Балаларды тасымалдаған кезде қозғалыс жылдамдығын жүргізуші жол, метеорология және өзге де жағдайларға байланысты таңдайды (Жол жүру ережесінің 10-тарауының 1-тармағына сәйкес), бұл ретте автобус қозғалысының жылдамдығы барлық жағдайда 60 км/сағ аспауы тиіс.

Балаларды лекпен тасымалдайтын автобустардың қозғалысы кезінде қозғалыс жылдамдығын лекке еріп жүретін жол-патрульдік полициясының қызметкері таңдайды, бірақ барлық жағдайда ол 40 км/сағ аспауы тиіс.

Автобусты басқару кезінде жүргізуші күрт тежеуге жол бермей автобус жүрісінің бірқалыптылығына ерекше көңіл бөлуі тиіс.

Автобустар легінің темір жол өткелінен өту қауіпсіздігін оған еріп жүретін ӘПК-нің қызметкерлері қамтамасыз етеді.

300. Балаларды тасымалдаған кезде жүргізуші:

1) автобус қозғалысының белгіленген маршрутынан ауытқымайды және белгіленген жылдамдық режимдерін бұзбайды;

2) қозғалыс барысында автобусты басқаруда алаңдамайды (сөйлеспейді, тамақ ішпейді, кабинада қатты музыка қоймайды);

3) тасуға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және материалдарды автобуста алып жүрмейді;

4) топырақ жолдарға шығып кетпейді және олармен жүрмейді (балаларды ауылшаруашылық жұмыстарына және демалыс орындарына, сондай-ақ жолды жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалдаған жағдайдан басқа).

301. Автобустың қозғалысы барысында еріп жүрушілер автобустың әрбір есігінің жанында орналасуы тиіс. Егер автобуста бір еріп жүруші болса, ол автобустың алдыңғы есігінің жанында орналасуы тиіс.

Медицина қызметкерлері және балалар тасымалын ұйымдастыруға жауаптылар (жаппай тасымалдау кезінде) соңғы автобуста орналасады.

302. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

1) салонда тұруына және жүруіне;

2) есіктер мен терезелерге жантаюына;

3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;

4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;

5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;

6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;

7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;

8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;

9) есіктерді ашуына;

10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға;

11) шылым шегуге, сіріңке, оттық жағуға;

12) спирттік ішімдіктерді ішуіне, есірткі, психотропты және улы заттарды қабылдауына жол бермейді.

303. Еріп жүрушілер мыналарды қамтамасыз етеді:

1) барлық оқушылардың қозғалыс, аялдау, тамақтану, түнеу кезінде жеке гигиена ережелерін сақтау;

2) әрбір топта дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге қажетті дәрігерлік және тану құралдарының жиынтығымен жабдықталған медициналық дәрі қобдишасы болуын;

3) балалардың хал-жағдайын әрдайым қадағалауын, қажет болған жағдайда ауырғандар мен жарақаттанғандарға дәрігерге дейінгі көмек көрсетуін;

4) сапардың ұзақтығы бір тәуліктен асқан кезде аялдамаларда мамандандырылған қоғамдық тамақтану мекемелерінде (асханаларда, дәмханаларда) балалардың толыққанды үш мезгіл ыстық тағаммен тамақтануын;

5) түнеу пункттеріне келген кезде мамандандырылған мекемелерде (қонақ үйлерде, кемпингтерде) балаларға берілген орындарды тексереді;

6) оқушылардың сегіз сағаттан кем емес күн сайынғы толыққанды түнгі демалуын (ұйықтауын).

304. Бүкіл маршрут бойы балалар автобусқа алғашқы отырғызу кезінде оларға бөлінген орындарды алады. Автобустың қозғалыс барысында және аялдамадан (тұрақтан) кейін еріп жүрушінің рұқсатынсыз орыннан орынға отырғызуға тыйым салынады.

305. Автобус салонындағы терезелер (желдеткіштер) жабық болады. Салонды желдету қажет болған жағдайда және тек еріп жүрушінің рұқсатымен ғана төбедегі желдету люктері ашылады.

306. Қалааралық және қала маңы балалар тасымалдауын (соның ішінде туристік-экскурсиялық) жүзеге асыратын автобустардың кестесінде (кестесінде) әрбір 1,5-2 сағат жүрген сайын ұзақтығы 10 минут және әрбір 4 сағат жүрген сайын ұзақтығы 30 минут тұрақтаулар көзделуі тиіс (соңғысын жүргізушінің түскі асымен сәйкес келтіруге рұқсат беріледі).

307. Тасымалданатын балалардың қалыпты жағдайы мен денсаулығын қамтамасыз етуге байланысты қажеттілік болған кезде автобустың жүргізушісі еріп жүрушінің нұсқауымен жол жүру барысында жоспарланбаған аялдамалар жасайды.

Аялдама және тұрақ орындарын таңдағанда жүргізуші Жол жүру ережесінің 12-тарауының 1-7-тармақтарының талаптарын басшылыққа алуы тиіс. Автобустың аялдауы (тұрақтауы) кезінде балаларды отырғызу және түсіру орындары, мүмкіндігінше, қарқынды қозғалысы бар жол учаскелерінде орналаспауы тиіс. Аталған талапты орындау мүмкін болмаған жағдайда балаларды автобусқа отырғызу және одан түсіру кезінде авариялық сигнал беру іске қосылады.

Тәуліктің қараңғы мезгілінде, сондай-ақ жеткіліксіз көру жағдайында аялдама (тұрақтау) жасаған кезде Жол жүру ережесінің 19-тарауының 3-тармағына сәйкес сыртқы жарық құралдарын пайдаланған жөн.

308. Еріп жүрушілер қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігі, топтың артында қалып қоюына жол берілмейтіндігі және егер бала қалып қойған жағдайда іс-қимыл

тәртібі туралы балаларға ескерте отырып, әрбір аялдаманың алдында тұрақтау уақытын хабарлайды.

309. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүрушілер шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүрушілер: біреуі – автобустың алдыңғы бөлігінде, екіншісі – автобустың артында тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

Балалар автобусқа оралғаннан кейін еріп жүрушілер балалардың өз орындарында орналасқандығына көз жеткізеді, содан кейін ғана жүргізушіге сапарды жалғастыру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

310. Маршрут бойынша автобустың қозғалысы мына жағдайларда тоқтатылады:

1) автобуста Жол жүру ережесіне сәйкес қозғалыс немесе оларды пайдалану тыйым салынған техникалық ақаулар пайда болғанда;

2) жол-метеорологиялық жағдайлар өзгергенде тасымалдаудың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін өзге де жағдайларда (көк тайғақ, тұман, жолдардың бұзылуы, жүретін жолдың маңында авариялар болу);

3) жол жүргенде бала жарақат алғанда, кенеттен ауырғанда, қан кеткенде, талғанда;

4) жүргізушінің хал-жағдайы нашарлағанда.

311. Техникалық ақауға байланысты автобусты мәжбүрлі тоқтатқан кезде жүргізуші :

өзге көлік құралдарына кедергі жасамайтындай етіп автобусты тоқтатуға, авариялық сигнал беруді қосуға және елді мекенде автобустан 15 метрден және елді мекеннің сыртында – 30 метрден кем емес қашықтықта автобустың артында авариялық аялдау белгісін қоюға;

осы Ереженің барлық талаптарын сақтай отырып, қозғалысты одан әрі жалғастыруға мүмкіндігі туғанға дейін балаларды автобустан шығаруға, еріп жүрушілердің бақылауында оларды қауіпсіз жерге апаруға тиіс.

312. Бала құсқан кезде еріп жүруші жүргізушіге автобусты тоқтату жөнінде белгі беру, мүмкіндігінше себебін анықтап (тербелу немесе тамақтан улану), алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету қажет. Тамақтан уланғанда – асқазанды шаю, тербелгенде – жалбыз қосқан дәрі беру, салонның алдыңғы бөлігіндегі орындыққа отырғызу, құсықты жинау үшін полиэтилен пакетпен қамтамасыз ету қажет. Егер баланың хал-жағдайы жақсармаса, науқасқа дәрігерлік көмек көрсету үшін дәрігерлік мекеме бар ең жақын аялдама пунктіне жеткізу керек.

313. Жол жүргенде бала жарақат алғанда, кенеттен ауырғанда, қан кеткенде, талған жағдайда автобустың жүргізушісі, топ жетекшісі және еріп жүрушілер балаға білікті дәрігерлік көмек көрсету үшін оны жақын орналасқан дәрігерлік пунктіге (мекемеге, ауруханаға) дереу жеткізу шараларын қабылдау қажет.

314. Жолда қозғалысты мәжбүрлі тоқтатудың барлық жағдайларында тасымалдаушыға қозғалысты мәжбүрлі тоқтату туралы ақпарат беріледі, ол тасымалдауды одан әрі жүзеге асыру бойынша оған байланысты барлық шаралар қабылдауға (автобусты ауыстыру немесе жөндеу, жүргізушіні ауыстыру), ал жол-метеорологиялық жағдайлар бойынша қозғалысты тоқтатқан жағдайда – жолаушылар үшін күтудің қолайлы және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге тиіс.

315. Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жүргізуші және еріп жүрушілер көлік құралынан балаларды олардың жеке заттарын шығармай жедел эвакуациялау қажет.

316. Көлік құралында өрт пайда болған жағдайда еріп жүрушілер:

1) өрт жөнінде жүргізушіге белгі беруге;

2) көлік құралы тоқтағанға дейін балаларды өрт көзінен мүмкіндігінше алысырақ апаруға және оны салонда бар өрт сөндіргішпен және қол астындағы заттармен сөндіруге кірісуге;

3) тоқтағаннан кейін балаларды және барлық жолаушыларды көлік құралы жарылған кезде жарақаттарды болғызбайтын қауіпсіз қашықтыққа жеке заттарсыз жедел шығаруға тиіс.

317. Жол-көлік оқиғасы және өрт кезінде балаларды көлік құралынан эвакуациялағаннан кейін еріп жүрушілер және жүргізуші:

1) зардап шеккендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге және оларды жақын орналасқан дәрігерлік мекемеге жеткізуге;

2) жол-көлік оқиғасы немесе өрт орнына ӘПК-нің және егер қажет болса "жедел көмек" қызметкерлерін, құтқарушыларды, өртке қарсы қызметтің мамандарын шақыру шараларын қабылдауға;

3) зардап шекпеген балаларды олардың қауіпсіздігіне қауіп төнбейтін орынға жинап , оларды тыныштандыруға, қажет болған жағдайда денсаулығы әлсіреген, жүрек-тамыр және асқынуы стреске әкеп соғуы мүмкін өзге де аурулары бар балалардың дәрігер белгіленген дәрілерді қабылдауын қамтамасыз етуге;

4) өртті сөндіруді аяқтағаннан кейін, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы орнында қауіп болмаған кезде ӘПК-нің қызметкерлерінің келісімі бойынша топ жетекшілерінің және ересек еріп жүрушілердің күшімен мүмкіндігінше балаларды тартпай жеке заттарды жинап, оларды балаларға беруге;

5) балаларды онан әрі тасымалдау мүмкіндіктерін және маршрутын анықтауға;

6) қажет болғанда орынға келіп жеткен ӘПК-нің қызметкерлеріне балаларды тасымалдауды ұйымдастыруға көмек көрсету туралы өтініш жасауға;

7) телефон арқылы оқиға және балалардың хал-жағдайы туралы тапсырыс берушінің әкімшілігіне хабарлауға, оның көмегімен медициналық мекемелерге жіберілген балалардың заңды өкілдеріне олардың орналасқан жері және хал-жағдайы

туралы, сондай-ақ зардап шекпеген балалардың заңды өкілдеріне олардың орналасқан жері және топтың онан әрі жүру маршруты туралы жедел хабарлауын қамтамасыз етуге тиіс.

9-параграф. Маршруттың соңғы пунктіне келу және балаларды түсіру

318. Маршруттың соңғы пунктіне келгенде автобустар тұрақтау үшін бөлінген орындарға қойылады, ол жерден түсіру орнына бір-бірден келеді.

319. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;

2) баспалдақтардан секіруіне;

3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;

4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын (сөмкелерін, пакеттерін) бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

320. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығуға;

2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүру;

3) түсіру орнынан жаяу жүрген кезде олардың Жол жүру ережесімен жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

321. Балалардың қалааралық және қала маңы тасымалдауын орындаған кезде автобустың жүргізушісі (немесе лектің аға жетекшісі) маршруттың соңғы пунктіне келген бойдан ол туралы тасымалдаушыға хабарлауға тиіс.

Маршруттың соңғы пунктіне келу үшін жүру кестесі белгілеген уақыттан кейін бір сағат ішінде мұндай хабарлама болмаған жағдайда тасымалдаушы автобустың (автобустардың) орналасқан жерін анықтау бойынша шаралар қабылдайды.

322. Жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша, автомобиль жолдарының, көшелердің, темір жол өткелдерінің, паромдық өткелдердің, олардың жайластыру жөнінде жол қозғалысының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қандайда бір ескертулер (кемшіліктер) болған кезде жүргізуші тасымалдаушының диспетчеріне хабарлайды.

10-параграф. Балаларды маршруттық көлікпен тасымалдау

323. Маршруттық автокөлікпен ұйымдастырылған балалар топтарының сапары кезінде жоғарыда атап көрсетілген қауіпсіздік шараларымен қатар еріп жүрушілер бірқатар қосымша талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді:

1) адамдарды тасымалдауға арналған тек арнайы маршруттық автобустарды, троллейбустарды, шағын автобустарды (маршруттық таксилерді) пайдаланады, адамдарды тасымалдауға рұқсат қағаздарды жоқ маршруттыққа кірмейтін жолай немесе жүргізушілері мұндай тасымалдауға рұқсат алмаған көлік құралдарын пайдаланбау;

2) сапардың алдында балаларға оның маршрутын хабарлау, топ жүретін көлік құралдары маршруттарының нөмірлерін, егер жүру кезінде қайта отырғызу жоспарланған болса аялдамалардың (автобус станцияларының) және соңғы пунктінің атауларын көрсету;

3) балалармен ұялы телефондарының нөмірлерімен алмасу және негізгі топтан қалып қойған оқушылардың іс-қимыл тәртібін белгілеу;

4) Жол жүру ережесімен белгіленген жаяу жүргіншілер мен жолаушылардың міндеттері, аялдамаларда (автобус станцияларында) автокөлік құралдарын күту, отырғызу, өту және түсіру кезінде қауіпсіздік шаралары туралы ескерту;

5) маршруттық автокөлікке отырғызу алдында балалар одан түсетін жолаушыларға кедергі жасамауын қамтамасыз ету;

6) маршруттық көлік құралына отырғызу кезінде балалардың салонда қауіпсіз орналасуын, олардың қауіпсіздік шаралары мен тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;

7) қалааралық маршруттық автобусқа багажы бар балаларды отырғызу алдында салонды бөгеуі мүмкін ортақ және жеке ірі көлемді, басқа да заттарды багаж бөлімшесіне өткізуді ұйымдастырады;

8) балалар салоннан шыға алатын, сондай-ақ топты түсіру қажет аялдамаларға (автобус станцияларына) жақындағаны жөнінде балаларға алдын ала ескерту;

9) балалар салоннан шыққан аялдамалардан кейін, сондай-ақ қайта отырғызу үшін автокөлік құралынан шыққаннан кейін балалардың ешқайсысы қалып қоймағанына көз жеткізе отырып, топтың құрамын тексеру.

13-тарау. Автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың санитариялық жай-күйіне, сыртқы безендірілуіне және жабдықталуына қойылатын талаптар

Ескерту. 13-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

324. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустар ұлттық стандарттарға сәйкес келуі тиіс, бұл ретте:

1) қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобильмен тасымалдау маршруттарында кемінде екі жолаушы есігі бар қалалық автобустарды (I класты),

шағын автобустарды, сондай-ақ қала маңындағы автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарында қалааралық автобустарды (II класты) пайдалануға рұқсат етіледі;

2) қалааралық облысаралық және халықаралық автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарында қалааралық автобустар (II класты) немесе алысқа жүретін автобустар (III класты) пайдаланылуы тиіс. Республикалық маңызы бар жолдар бойынша осы маршруттардың ұзақтығы 300 км-ге дейін болса, шағын автобустарды пайдалануға рұқсат етіледі;

3) жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдаудың маршруттарында қолданылатын автобустар мен шағын автобустар халықаралық және аймақаралық тасымалдауды жүзеге асыруда- диспетчерлік жүйеге автокөлік құралының ағымдағы орналасқан жері туралы нақты уақыт режимінде ақпарат бере отырып, спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықталады.

Ескерту. 324-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

324-1. Жолаушылар мен багажды тұрақты және тұрақты емес тасымалдау осы Қағидалардың 324-тармағы 3) тармақшасының талаптары сақталған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 324-1-тармақпен толықтыру – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

325. Республикалық маңызы бар жолдар арқылы ұзақтығы 300 км астам қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық және халықаралық тұрақты және тұрақты емес тасымалдау үшін пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустардың шалқаятын арқашалары бар жұмсақ орындықтары болуы тиіс.

Осы талап маршруты ирелеңдері, бұрылыстардың кіші радиустары немесе паромдық өткелі бар таулы жерлерден өтетін ауданаралық (қалааралық облысішілік) тасымалдауға қолданылмайды.

326. Маршруттың ұзақтығы 500 км асатын болса, оған бөлек орын ұсынумен автобус салонында ауыстырушы жүргізушінің болуы қажет.

Ескерту. 326-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

327. Таулы маршруттарда пайдаланылатын автобустар тұманға қарсы алдыңғы фаралармен және артқы жүрістің қосалқы фараларымен жабдықталуы тиіс, ал шиналар бұжыртабаны суретінің биіктігі кемінде 3,0 мм болуы тиіс.

328. Автобустар, шағын автобустар, троллейбустар:

1) дәрілер мен медициналық құралдардың қажетті жинағы бар медициналық қобдишамен (автокөліктік);

2) авариялық аялдау белгісімен;

3) ақаусыз өрт сөндіру құралдарымен;

4) жол-көлік оқиғасы жағдайында шыныларды сындыру және есіктерді, терезелерді, авариялық люктерді жедел ашудың тиісті құрал-саймандарымен және оларға ақпараттық тақтайшалармен;

5) дөңгелеуге қарсы құрылғылармен жинақталады.

329. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустарда, шағын автобустарда, троллейбустарда мыналар болуы тиіс:

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары;

7) жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

Ескерту. 329-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

330. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустар мен троллейбустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

Сыртқы кузовты жуу ауысымнан кейін өткізіледі.

331. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық және халықаралық тасымалдау маршруттарында пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустардың багаж бөлімшелері автобус салонынан тыс болуы тиіс.

332. Тахографтармен:

1) жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тасымалдауды;

2) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты қалааралық облысаралық тасымалдауды;

3) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес қалааралық облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысішілік) тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автобустар жабдықталуы тиіс.

333. Автобустардың, шағын автобустардың және троллейбустардың салонында жүргізуші кабинасының (орнының) жанында мыналарды қамтитын ақпарат орналасады :

1) тасымалдаушының толық атауы;

2) тасымалдаушының, тасымалдауды ұйымдастырушының байланыс телефондарының нөмірлері;

3) ӘПК-нің, аумақтық көліктік бақылау және медициналық қызмет органдары телефондарының нөмірлері;

4) маршрут схемасының көшірмелері;

5) жол жүру құны туралы мәлімет.

Тұрақты маршруттар үшін (қалалық маршруттарды қоспағанда) сапар қашықтығына байланысты жол жүру мен багажды алып жүру құнының кестесі ұсынылады;

6) ақы төлемей жол жүргені және/немесе багаж алып жүргені үшін айыппұлдың мөлшері;

7) жолаушылардың құқықтары мен міндеттері.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдауда пайдаланылатын автобустар, шағын автобустар және троллейбустар дауыс зорайтқыш қондырғылармен, ал басқарудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – БАЖ) жұмыс істеген жағдайда желідегі жұмысты бақылау құрылғысымен жабдықталуы тиіс.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдау үшін осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларының қолданысы тарамайды.

334. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық және қала маңындағы тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың алдыңғы және артқы жақтарында маршрут нөмірі көрсетілген трафареттер қойылады.

Маршруттың нөмірі ашық сары түсті реңде шрифттің биіктігі кемінде 120 мм қара түспен ресімделеді. Жедел тасымалдауды жүзеге асырған жағдайда трафаретте маршрут нөмірінің астында шрифттің биіктігі кемінде 60 мм қызыл түсті "Жедел" деген жазу ресімделеді.

335. Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдауда пайдаланылатын автобустар, шағын автобустар және троллейбустардың оң жағында, салонның жолаушылар есіктері бірінің жанында маршруттың нөмірі мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қысқа сипаттамасы (аралық және соңғы

аялдамалардың, маршрут өтетін негізгі көшелердің, қоғамдық мәні бар орындардың атауы) бар трафарет орнатылады.

336. Қалааралық облысаралық және халықаралық маршруттардағы автобустар мен шағын автобустарда жол жүрудің бастапқы, соңғы және ірі аралық пункттері көрсетілген алдыңғы және бүйірлік (оң жағында) трафареттері мемлекеттік және орыс тілдерінде, ал қажет болған жағдайда басқа тілдерде ресімделеді.

337. Алдыңғы және артқы трафареттерде тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандыру болады.

338. Жолаушылар мен багажды тапсырыс берілген автобустармен, шағын автобустармен және жеңіл автомобильдермен тасымалдау кезінде пайдаланылатын автокөлік құралдарының алдыңғы және артқы жақтарында "Тапсырыспен" деген жазуы бар трафареттер орнатылады.

Жазу шрифт биіктігі кемінде 120 мм қара түспен ресімделеді және тік төртбұрышты қоршамаға салынады.

339. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауда пайдаланылатын автобустар және троллейбустар салонының алдыңғы жағында мүгедектігі бар адамдарға, зейнеткерлерге, жүкті әйелдерге және мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушыларға арналған орындар көзделеді. Көрсетілген орындардың жанына олардың пайдаланылу мақсатын көрсететін ақпараттық тақта орнатылады.

Ескерту. 339-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

340. Такси төбесінде орналасқан және 500 метрге дейінгі қашықтықтан жақсы ажыратылатын айырым белгілерімен жабдықталады. Айырым белгіде "Т" (такси) деген жазу және/немесе өзіне тән шашкалық белдеуі болуы және тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандырылуы тиіс.

341. Такси кузовтың түсін тасымалдаушы өзі анықтайтын сыртынан жеңіл автомобиль барлық бүйір жағынан, биіктігі 10 сантиметрден кем емес және 14 сантиметрден көп емес шахматтық тәртіпте орналасқан қара және (немесе) сары шаршылардан тұратын белдеу салуды қарастыратын бірыңғай түстік гаммада ресімделеді.

Ескерту. 341-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

342. Алып тасталды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

343. Таксидің салонында жолаушылар көретіндей жерде жүргізушінің фотосуреті бар, тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда) көрсетілген визит карточкасы, тасымалдаушының ресми атауы, оның мекенжайы және телефон нөмірі көрсетілген ақпараттық тақта орнатылады.

Ескерту. 343-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 26.07.2019 № 553 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-тарау. Автовокзалдарға, автостанцияларға, жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ олардың жұмыс істеу тәртібі

Ескерту. 14-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жалпы ережелер

344. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметін бастау немесе тоқтату туралы хабарламаны қабылдауды жүзеге асырады.

Заңды немесе жеке тұлғалар автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметін бастау немесе тоқтату туралы хабарламаны электрондық немесе қағаз нысанда "Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) сәйкес береді.

Ескерту. 344-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.05.2016 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

345. Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің жұмыс режимі жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылармен шарттық қатынастарды ескере отырып, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша айқындалады.

346. Автовокзалдар кемінде бес мың шаршы метр аумақта орналасады.

347. Автостанциялар кемінде екі жарым мың шаршы метр аумақта орналасады.

348. Автовокзалдар мен автостанциялар мынадай негізгі функцияларды орындайды:

1) жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру;

2) маршруттар бойынша автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесін сақтауын ұйымдастыру;

3) жолаушылардың қауіпсіз мінуі мен түсуін, багажды тиеу мен түсіруді ұйымдастыру;

4) егер тасымалдаушылардың осы функцияларды орындауы мүмкін болмаса, жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін сақтау, жүргізушілерді рейс алдында және рейстен кейінгі медициналық куәландыруды және автобустардың, шағын автобустардың техникалық жай-күйін бақылауды жүргізу бойынша шараларды қамтамасыз ету;

5) жолаушыларды ақпараттық қамтамасыз ету;

6) багаж бен қол жүгін сақтауды ұйымдастыру;

7) жолаушыларды сапардың басталуын күту үшін жағдаймен қамтамасыз ету;

8) қолданылып жүрген маршрут желісіндегі автовокзалдарды (автостанцияларды) автобустардағы (шағын автобустардағы) бос немесе босайтын орындардың бар екені туралы, сондай-ақ қозғалыс кестесіндегі өзгерістер немесе автобустардың кестеден озу (кейін қалу) уақыты, кестеде көзделмеген қосымша рейстерді алып тастау немесе енгізу , қосымша автобустарды жіберу туралы хабардар ету;

9) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың қызмет көрсету тәртібі және қозғалыс кестелерін (графиктерін) бұзулары туралы, сондай-ақ осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты халықаралық, облысаралық маршруттар бойынша рейстерді орындау туралы анықтамаға сәйкес жөнелтілген қосымша рейстердің саны туралы ақпаратты маршруттар бойынша талдауды жүргізу үшін маршруттарды ұйымдастырушыларға (рұқсат құжаттарын немесе куәлікті берген) ай сайын, келесі айдың 5-күнінен кешіктірмей хабардар ету.

349. Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі мынадай негізгі функцияларды атқарады:

1) жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру;

2) жолаушыларды қауіпсіз отырғызуды және түсіруді, багажды тиеу мен түсіруді ұйымдастыру;

3) жолаушыларды ақпараттық қамтамасыз ету;

4) жолаушыларға жол жүрудің басталуын күту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

350. Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында:

1) ақпараттық қамтамасыз ету;

2) автобустар мен шағын автобустар тұратын алаң;

3) жолаушыларға арналған күту залы (залдары);

4) жол жүру құжаттарын (билеттерін), оның ішінде алдын ала сатуға арналған касса (кассалар);

5) багажды сақтау камерасы (камералары);

6) диспетчерлік пункттер;

7) персонал мен жолаушылар үшін санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар;

8) жүргізушілер демалатын қызметтік үй-жайлар бар.

Автовокзалдар үшін қосымша талаптар:

1) анықтама бюросы;

2) қоғамдық тамақтану пункті;

3) ана мен бала бөлмесі;

4) автобустар мен шағын автобустарды тексеруге арналған бекеттер;

5) қоғамдық тәртіпті қорғау пункті;

6) медициналық көмек пункті және дәріхана дүңгіршегі;

7) Интернет желісіне сымсыз қол жеткізу нүктелері;

8) жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде, жолаушыларға арналған күту залында, автобустар мен шағын автобустардың тұрағына арналған алаңдарда бейнебақылау;

9) діни рәсімдер жасау үшін бөлме.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 шілдедегі № 817 қаулысымен бекітілген Тексеріп қарау жүргізілетін көлік инфрақұрылымы объектілерінің тізбесінде көрсетілген автовокзалдарға қосымша талаптар:

1) стационарлық металл тапқыш (металл детекторлар);

2) портативтік (қол) аспаптар;

3) рентген-телевизиялық қондырғы;

4) жарылғыш, есірткі және қауіпті химиялық заттарды табуға арналған аппаратура.

Ескерту. 350-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

351. Автовокзалдар мен автостанцияларда:

1) ғимараттарды, ғимаратқа кірер жолдарды, баспалдақтарды, ғимарат ішіндегі қозғалу жолдарын мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдардың қозғалуы үшін ыңғайластыру;

2) есту мен көру қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға арналған қолжетімді ақпараттық сигнал беру құрылғыларымен және байланыс құралдарымен жабдықтау;

3) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға және халықтың баяу қимылдайтын басқа да топтарына қызмет көрсету үшін мүгедектерге арналған кезекші кресло-арбаның болуы;

4) жалпы күту залдарында мүгедектерге арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдар үшін орындар жабдықталу;

5) қоғамдық дәретханаларды мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықтау;

6) мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға қызмет көрсету үшін арнайы бейімделген билет кассаларымен жабдықтау;

7) мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдар үшін мамандандырылған таксофондар (телефондар) орнату;

8) өзге автокөлік құралдары қойылмайтын мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған арнайы жол белгілері орнатылған тегін тұрақ орындарын бөлу қамтамасыз етіледі.

Тұрақ орындарының саны:

онға дейін қоса алғанда болса – мүгедектігі бар адамның арнайы автокөлік құралын қою үшін бір орын;

оннан астам болса мүгедектігі бар адамның арнайы автокөлік құралын қою үшін тұрақ орындарының жалпы санының кемінде он пайызы бөлінеді.

Тұрақ орындарының саны 0,5-тен бастап және жоғары бөлшек мәнді құраса, мұндай мән бүтін бірліктерге дейін дөңгелетіледі.

Ескерту. 351-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

351-1. Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде осы Келісімнің 351-тармағының 2) тармақшасы талабы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 1-параграф 351-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.01.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

351-2. Автовокзалдар мен автостанцияларда эпидемиялық маңызы бар объектілерді пайдалану "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 19, 20 және 24-баптарына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болғанда немесе қызметті бастау туралы хабарлама бергенде рұқсат етіледі.

Ескерту. 1-параграф 351-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.08.2017 № 589 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

352. Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің құрамында:

1) жолаушыларды қауіпсіз отырғызу мен түсіру, багажды тиеу мен түсіруге арналған алаң;

2) автобустарды қоюға арналған алаң;

3) жол жүру құжаттарын (билеттерін) және багаж түбіртектерін сатуға арналған орын;

4) жолаушыларды әртүрлі ауа райы жағдайларынан қорғауға арналған ғимарат бар.

353. Сақтау камерасының жұмысын ұйымдастыру кезінде мынадай талаптар сақталады:

1) автоматты емес сақтау камерасына багажды тапсыруға және алуға кететін уақыт шығыны барынша төмен болуы тиіс;

2) сақтауға тапсырылған багаждың сақталуын, сақтау камерасы үй-жайының құрғақ және таза күйде күтіп ұсталуын, жеткілікті табиғи немесе жасанды ауа тарту желдеткіші болса, онда тұрақты бөлме температурасын ұстап тұруды қамтамасыз етуі тиіс;

3) ол арқылы багажды қабылдау және беру жүзеге асырылатын автоматты емес сақтау камерасы, операциялық терезесінің төменгі жағы еденнен 70 см биік емес, терезенің сыртқы жағынан багажды тапсыруға дайындау үшін үстел қойылып орналасуы тиіс;

4) операциялық терезенің жанында сақтау камерасының жұмыс режимі, багажды сақтауға қабылдау тәртібі мен шарттары, сақтау мерзімдері мен құны бар тақтайша ілінеді;

5) багаж жол жүру құжаттарының болуына қарамастан сақтауға қабылданады.

354. Автовокзалдарда жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық тұрақты тасымалдау бағыттарында жұмыс істейтін автобустардың, шағын автобустардың жүргізушілеріне еңбек және демалыс режимінің шарттары бойынша оларға тұрақты тұратын жерінен басқа жерде демалуға тура келген жағдайда, демалуға (ұйқыға) арналған арнайы жабдықталған үй-жайлар беріледі.

355. Жүргізушілердің демалыс бөлмелерінде суық және ыстық суы бар душ бөлмесі , күндізгі уақытта демалысты қамтамасыз етуге арналған қараңғылаушы перделер болуы тиіс. Бөлмелерде жүргізушілердегі құнды заттарды, сатылған билеттердің ақшасын, сондай-ақ жол жүру құжаттарының (билеттердің) бланкілері мен багаж түбіртектерін сақтау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

356. Автовокзалдарда 5 жасқа дейінгі баласы бар жолаушыларға, жүкті әйелдерге және кресло-арба пайдаланатын мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуге арналған ана мен бала бөлмесінің жұмысы ұйымдастырылады. Үй-жайлардың көлемі мен құрамы, сондай-ақ қызмет көрсететін персоналдың саны автовокзал жұмысының көлеміне сәйкес келуі тиіс.

Ескерту. 356-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 22.09.2022 № 521 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

357. Жолаушылар ағыны тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдарда ана мен балаға арналған бөлменің құрамына:

1) балалардың және оларды алып жүретін ересектердің демалуға арналған кереуеттері, балаларды құндақтауға арналған орны, киімдер мен заттарды сақтауға арналған шкафы бар бөлмесі;

2) тоңазытқышы мен электр шәйнегі бар тамақ дайындауға және қабылдауға арналған бөлмесі;

3) қолжуғышы және жинау керек-жарағын сақтауға арналған орны, қолға арналған электр кептіргіші немесе бір реттік сүлгісі және бала киімін кептіруге арналған шкафы бар дәретхана бөлмесі кіреді.

358. Ана мен балаға арналған бөлмеге балалы жолаушылар мен жүкті әйелдер қысқа уақытқа да – тамақтандыру, қайта құндақтау, автобустың жөнелтілуін күту үшін қысқа демалыс үшін де, сондай-ақ ұйықтау үшін төсектерді пайдалана отырып қабылданады.

359. Балалы жолаушылар мен жүкті әйелдерге жол жүру құжаттарын (билеттерді) ана мен бала бөлмесінің кезекшісі арқылы, осы қызметтер үшін ақы төлемей сатып алу мүмкіндігі беріледі.

360. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық, ауданішілік және қала маңындағы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларға, тасымалдаушылар мен автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі арасында "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 21-бабының 4) тармағына сәйкес жасалатын шарттардың негізінде қызмет көрсетеді.

Бұл ретте жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларға қызмет көрсету, олар тиісті маршрутта жұмыс істеуге арналған Рұқсатты және Куәлікті, маршрут бойынша қозғалыс схемасын және ол бойынша қозғалыс кестесін, жолаушылар мен багажды тасымалдауға тарифтерді ұсынған кезде ғана рұқсат етіледі.

Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері осы Қағидаларға сәйкес аталған қызмет түріне жіберілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарттар жасасады.

Шарт тасымалдаушылар автовокзалға, автостанцияға және жолаушыларға қызмет көрсету пунктіне осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген рұқсат құжаттарын берген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде рұқсат құжаттардың қолданыста болатын уақыт аралығына жасалады.

361. Тасымалдаушыдан рұқсат құжаттарын кері қайтарып алу автовокзалдармен, автостанциялармен және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерімен шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

362. Автовокзалдар мен автостанциялар белгілі бір тұрақты маршруттарда тасымалдау көлемі артқан жағдайда, аталған маршруттың адынғы уақыты бойынша қызмет көрсеткен тасымалдаушының қосымша автобустары мен шағын автобустарының шығуын ұйымдастырады.

Осы тасымалдаушы жазбаша бас тартқан жағдайда автовокзалдың немесе автостанцияның әкімшілігі мынадай критерийлер бойынша басқа тасымалдаушылардың автобустарын, шағын автобустарын тартады:

1) тұрақты жолаушылар автобус маршруттарында жұмыс істейтін;

2) осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушының автобустары мен шағын автобустарының класынан төмен емес автобустар мен шағын автобустары бар.

Басқа тасымалдаушылардың қосымша автобустары мен шағын автобустарын жөнелту кезінде жол парағында қосымша рейсті орындау туралы автовокзалдың немесе автостанцияның мөрімен бекітілген белгі қосымша рейсті орындауға арналған рұқсат болып табылады.

Тасымалдау көлемі мерзімді (маусымдық, кешкі және басқалар) артқан жағдайларда автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері мен тасымалдаушылар облыстың жергілікті атқарушы органдарына тұрақты маршруттарды ұйымдастыру туралы ұсыныстар енгізеді.

363. Автовокзалдар мен автостанциялардың үй-жайларын ылғалды жинау күніне кемінде екі рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

364. Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің үй-жайларын ылғалды жинау тәулігіне кемінде бір рет және ластануына байланысты жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

365. Автовокзалдары, автостанциялары және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері жоқ, тұрғындарының саны 50 адамнан аз шаруа қоныстарында және өзге де елді мекендерде халықаралық, облысаралық, облысішілік және қала маңы қатынастарға жолаушылар мен багажды тұрақты маршруттарда тасымалдау бойынша жол жүруге жол жүру құжаттары (билеттер) мен багаж түбіртектерін сататын кассалық пункттерді ашуға рұқсат етіледі.

366. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері өз қызметін мынадай жағдайларда жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша тоқтатады:

олар осы Қағидалардың 350, 351 және 352-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеген кезде;

осы Қағидалардың 348 және 349-тармақтарында көзделген негізгі функцияларды тиісінше орындамаған кезде;

олардың қызметтері ҚР СТ 2271-2012 "Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметтері." ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келмеген кезде.

Ескерту. 366-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 31.05.2016 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Жолаушыларды ақпараттық қамтамасыз ету

367. Автовокзалдарда, автостанцияларда және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде жолаушыларға автобустардың қозғалысы, жол жүру мен багажды алып жүру шарттары және көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі анық, толық және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған анықтамалық-ақпараттық қызметтің жұмысы ұйымдастырылады.

368. Жолаушыларды ақпараттық қамтамасыз ету көрінетін анықтаманың, дауыстап айту байланысының және ауызша анықтаманың көмегімен жүзеге асырылады.

369. Көрінетін ақпарат:

1) тәуліктің кез келген уақытында жақсы көрінуі;

2) барынша анық және толық болады.

Бұл ретте егер автовокзал, автостанция, жолаушыларға қызмет көрсету пункті немесе кассалық пункт тәулік бойы жұмыс істемесе, сыртында мынадай ақпарат орналастырылады:

1) осы автовокзал, автостанция, кассалық пункт арқылы өтетін маршруттар бойынша автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесі;

2) автовокзалдың, автостанцияның, жолаушыларға қызмет көрсету пунктінің, кассалық пункттің жұмыс уақыты.

370. Автобустардың қозғалыс кестесінде мынадай мәліметтер болады:

1) маршруттың нөмірі;

2) маршруттардың атауы;

3) автобустың, шағын автобустың жөнелтілу уақыты;

4) соңғы пунктке келу уақыты;

5) осы автовокзалға, автостанцияға, жолаушыларға қызмет көрсету пунктіне келу уақыты және тұру уақыты (транзиттік рейстер үшін).

371. Кассалардың көрінетін ақпаратында мыналар болады:

1) кассаның нөмірі;

2) кассаның мамандануы;

3) жұмыс режимі;

4) билетті кезектен тыс сатып алатын жолаушылар санаттарының тізбесі;

5) жолаушылардың жеке санаттарының жеңілдетілген жол жүру шарттары;

6) кассирдің тегі.

372. Жолаушыларды дауыс зорайтқыш байланысының көмегімен ақпараттандыру автовокзалдың, автостанцияның хабарлау желісі арқылы ұйымдастырылады.

373. Дауыс зорайтқыш байланысының көмегімен берілетін ақпараттың міндетті тізбесі өзіне мынадай ақпаратты қамтиды:

1) автобустардың, шағын автобустардың келу уақыты;

2) автобусқа мінудің басталатын уақыты (жөнелтуге дейін 15 минут бұрын) және автобустың жөнелтілетін уақыты (жөнелтуге дейін 5 минут бұрын);

3) қосымша рейстерді енгізу және оларға жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату;

4) транзитпен жүретін автобустардың, шағын автобустардың тұратын уақытының қысқартылуы (ұлғайтылуы) туралы;

5) багажды қабылдау, сақтау және беру тәртібі;

6) жолаушыларға ұсынылатын негізгі қызметтердің тізбесі.

Жолаушыларға көрсетілетін негізгі қызметтердің тізбесі туралы ақпарат автобустардың келуі мен жөнелтілуі туралы хабарландырулардың арасындағы аралықтарда беріледі. Әрбір хабарландыру мемлекеттік және орыс тілдерінде қайталанады.

374. Жолаушыларға ауызша анықтамалардың берілуін анықтама бюросының ақпаратшысы жүзеге асырады. Анықтама бюросы:

1) жұмыс уақыты мен ақпарат берушінің тегі көрсетілген, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі, айқын көрінетін "Анықтама бюросы" деген маңдайша жазумен;

2) автобустардың осы автовокзалдан (автостанциядан) жөнелтілу, соңғы пунктке келу уақыты және барлық автобустардың, шағын автобустардың осы автовокзалға (автостанцияға) келу уақыты көрсетілген автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесімен;

3) осы автовокзалдың (автостанцияның) тура автобус қатынасы бар басқа облыстардың автовокзалдары мен автостанциялары бойынша автобустардың қозғалыс кестелерімен;

4) осы автовокзал (автостанция) қызмет көрсететін барлық маршруттар бойынша жол жүру мен багажды алып жүру құнының кестесімен қамтамасыз етіледі.

375. Автовокзал мен автостанция ұсынатын ақпараттың міндетті тізбесі мыналарды қамтиды:

1) осы автовокзал (автостанция) бойынша автобустардың, шағын автобустардың жөнелтілу және келу уақытын;

2) осы автовокзалдан жөнелтілетін барлық автобустардың, шағын автобустардың маршруттың барлық аялдау пункттеріне келу және тұру уақытын (автовокзал үшін ғана);

3) кесте бойынша рейске жөнелтілетін автобустардың, шағын автобустардың үлгілері мен маркаларын;

4) облыс маршруттары бойынша, сондай-ақ осы автовокзалмен тура автобус қатынасы бар басқа облыстардың автовокзалдары мен автостанцияларының маршруттары бойынша автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесін;

5) жол жүру және багажды алып жүру құнын;

6) жол жүру құжаттарын (билеттерін) басқа рейске қайта ресімдеу тәртібін, сондай-ақ сапар іске аспаған жағдайларда жол жүру мен багажды алып жүру құнын қайтару тәртібін;

376. Қалааралық облысаралық және халықаралық қатынастарда автобустың немесе шағын автобустың бастапқы жөнелтілуі алдында жолаушылар салонда ауызша немесе дыбыс немесе бейнежазба арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде:

1) тасымалдаушы;

2) маршруттың атауы;

3) сапардың километрдегі ұзақтығы;

4) жолда жүру уақыты;

5) аралық аялдамалар;

6) автобустың немесе шағын автобустың қозғалысы кезіндегі шектеулер;

7) шұғыл жағдайлар кезіндегі жүріс-тұрыс туралы;

8) қосымша сервис туралы хабардар етілуі тиіс.

3-параграф. Автобустардың қозғалысына диспетчерлік басшылық ету

377. Диспетчерлік басшылық ету қозғалысты басқару, кестенің сақталуын үздіксіз бақылау және маршруттар бойынша автобустардың, шағын автобустардың және троллейбустардың үздіксіз және тұрақты қозғалысын қамтамасыз ету үшін жедел реттеу, сондай-ақ технологиялық процестегі көліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалдауды үйлестіру болып табылады.

378. Диспетчерлік басшылық етуді диспетчерлік қызметтер жүзеге асырады.

379. Диспетчерлік қызметтің негізгі функциялары:

1) автобустардың, шағын автобустардың жөнелтілуін және автовокзалға (автостанцияға) уақтылы келуін қадағалау;

2) маршруттар бойынша автобустардың, шағын автобустардың қозғалысын қадағалау және реттеу;

3) тасымалдаушыларды, жолаушыларды және басқа автовокзалдардың диспетчерлік қызметтерін маршрут бойынша жүрудің күрделілігіне, соның ішінде ауа райы-климаттық немесе жолдағы басқа жағдайларға байланысты қозғалысты шектеулер немесе тыйым салулар туралы хабардар ету;

4) маршруттағы, соның ішінде ауа райы-климаттық немесе жолдағы басқа жағдайларға байланысты қозғалыстың ерекшеліктері туралы жүргізушілерге нұсқау беру;

5) маршрут бойынша ауа райы-климаттық немесе жолдағы басқа жағдайларға байланысты қозғалысты шектеулер немесе тыйым салулар кезінде жолаушыларды орналастыру;

6) жол органдарын, ӘПК-ні, төтенше жағдайлар жөніндегі органдарды маршрут бойынша жүрудің күрделілігі, оның ішінде ауа райы-климаттық немесе жолдағы басқа жағдайларға байланысты қозғалыстың шектеулері немесе мүмкін еместігі және осыған байланысты автобустар мен шағын автобустардың уақтылы келмеуі туралы хабардар ету;

7) жолаушыларды отырғызу және багажды тиеу үшін автобустардың, шағын автобустардың кестеде белгіленген уақытта және тиісті санитарлық жай-күйде уақтылы берілуін қадағалау;

8) жүргізушілердің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан және автобустардың, шағын автобустардың рейс алдындағы техникалық тексеруден өтуін қадағалау (автовокзалдың, автостанцияның немесе тасымалдаушының тиісті қызметтерінің оларды өткізгені туралы құжаттық растаудың болуы;

9) басқа автовокзалдардың, автостанциялардың диспетчерлік қызметтерін автобустарда, шағын автобустарда бос немесе босаған орындардың болуы туралы, сондай-ақ қозғалыс кестесіндегі өзгерістер немесе автобустар мен шағын автобустардың кестеден озып кету (қалып қою уақыты), қосымша рейстерді алып тастау немесе кестеде көзделмеген рейстер енгізу, қосымша автобустың жөнелтілуі туралы хабардар ету;

10) автобустардың немесе шағын автобустардың жөнелтілу уақыты туралы белгісі бар автовокзалдың және автостанцияның мөрімен бектілген жол құжаттамасын ресімдеу, сондай-ақ диспетчерлік журнал жүргізу;

11) халықаралық қатынаста жүргізушіге автовокзал мен автостанцияның мөрімен бекітілген жолаушылар тізімін беру;

12) жүргізушілерде нақты маршрут бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға арналған рұқсат құжаттарының (куәліктің, маршрут схемасының, жол қағазының) болуын қадағалау;

13) жолдама парағына Көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде осы Қағидалардың 200-тармағының екінші бөлігімен көзделген талаптарды сақтау туралы белгі енгізу.

Ескерту. 379-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.04.2021 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

380. Автобустардың, шағын автобустардың қозғалысы кестеден ауытқыған жағдайларда олардың қозғалысын жедел реттеу жүзеге асырылады. Жедел реттеу өзіне мынадай іс-қимылдарды қамтиды:

1) автобус, шағын автобус кешіккен кезде:

кешіккен автобустың, шағын автобустың тұру уақыты, кесте бойынша тұру уақытының үштен бір бөлігінен асырылмай қысқартылады (бес минутқа дейін тұру қысқартылмайды). Автобустың жолаушылары тұру уақытының қысқартылғаны туралы ескертіледі;

автобус, шағын автобус маршруттың соңғы пунктіне едәуір кешіккен кезде оның нәтижесінде жолаушыларды уақтылы жеткізуді және автобусты, шағын автобусты кері рейске жөнелтуді қамтамасыз ету мүмкін болмаса, ол резервтегі автобуспен, шағын автобуспен ауыстырылады;

егер автобустың, шағын автобустың кешігуі осы маршруттағы қозғалыстың кестеде белгіленген ұзақтығының кемінде он-он бес пайызын құраған жағдайларда қозғалыс жылдамдығы ұлғайтылады, бірақ жол қозғалысы ережелерінде және маршрут жөніндегі тиісті жол белгілерінде белгіленген жылдамдықтан артық емес. Бұл ретте жылдамдықтың ұлғаюы қозғалыс қауіпсіздігін төмендетпеуі тиіс және таулы санына жатқызылатын маршруттарда және ауа райы-климаттық немесе жолдағы басқа жағдайларға байланысты маршрут бойынша қозғалыс күрделіленген жағдайларда рұқсат етілмейді;

2) автобус, шағын автобус графиктен озған кезде, кестеде көрсетілген жөнелту уақытына дейін автовокзалда (автостанцияда) кідіртеді;

3) рейс бұзылған кезде:

келмеген автобус, шағын автобус тасымалдаушының резервтегі автобусына ауыстырылады;

салондағы барлық жолаушыларды орындармен қамтамасыз ету шартымен бірдей маршруттың екі рейсі бір рейске біріктіріледі;

бірдей маршруттың автобусы, шағын автобусы ерте графикке (келмеген немесе техникалық ақаулық бойынша маршруттан шыққан), кейіннен резервтегі автобусты, шағын автобусты енгізу арқылы оның рейсаралық тұру уақытын қысқарту есебінен ауыстыру.

381. Автобус, шағын автобустың жөнелтілуі жиырма минуттан артық кешігетін болса, диспетчер бұл туралы жүру маршруты бойынша келесі диспетчерлік пунктке, ал автобус, шағын автобус болмайтын болса, маршруттың барлық пункттері бойынша хабарлауы тиіс.

Диспетчер маршруттың соңғы және аралық пункттеріне рейстің алынып тасталғаны , кестеде көзделмеген автобус пен шағын автобустың жөнелтілгені туралы немесе жөнелтудің нақты уақытын және болжанып отырған келу уақытын көрсете отырып, алда қосымша рейстің жіберілетіні туралы хабарлайды.

382. Автобус пен шағын автобус рейске жөнелтілген кезде диспетчер жүргізушінің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан өтуін, сондай-ақ автобус пен шағын автобустың рейс алдындағы техникалық тексеруден өтуін (

автовокзалдың, автостанцияның немесе тасымалдаушының тиісті қызметтерінің оларды өткізгені туралы құжаттық растаудың болуы) бақылайды, ол туралы жол парағында тиісті белгі жасалады.

383. Рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық тексеруден өтпеген автобустар, шағын автобустар, сондай-ақ рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан өтпеген немесе Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру қағидаларымен белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтамаған жүргізушілер рейске жіберілмейді.

384. Маршрутта күрделі метеорологиялық жағдай қалыптасқан кезеңде автобус пен шағын автобус кесте бойынша келмеген жағдайда, диспетчер автобустың, шағын автобустың кідіру себептерін анықтау бойынша шаралар қабылдайды және бұл туралы автобус пен шағын автобусқа техникалық көмек көрсету және жолаушыларды межелі пунктіне жеткізу үшін диспетчерлік қызметтің орталық пункті мен осы маршрутқа қызмет көрсететін тасымалдаушыға хабарлайды.

385. Уағдаластық бойынша автостанциялар мен автовокзалдардың, тасымалдаушылардың диспетчерлік қызметтері автобустар мен шағын автобустар қозғалысының процесі бойынша нақты режимде байланыс арналары арқылы диспетчерлік жүйенің операторларынан ақпарат алады.

4-параграф. Диспетчерлік пункттердің жұмысын ұйымдастыру

386. Автовокзалдардың, автостанциялардың диспетчерлік пунктінің үй-жайы операциялық (кассалық) залдан оқшауланыу, жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттеріне қызметтік шығатын жері болуы тиіс.

387. Диспетчердің жұмыс орны отырғызу алаңдарын, автобустар мен шағын автобустардың келуі мен жөнелтілуін бақылай алатындай орналасады және ақпараттық көрсеткіштерді арнайы басқару пультімен және дауыс зорайтқыш байланыс қондырғысымен, сондай-ақ автовокзалдың, автостанцияның әкімшілігімен, билет кассаларымен, анықтама бюросымен және диспетчерлік қызметтің орталық пунктімен ішкі технологиялық байланыспен жабдықталады.

388. Диспетчердің жұмыс орны, сонымен қатар қызмет көрсетілетін маршрут желісіндегі басқа диспетчерлік қызметтермен телефон немесе өзге де электрондық байланыспен (радиобайланыспен) жабдықталады.

15-тарау. Халықаралық және республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарында жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін, сондай-ақ таксимен тасымалдау кезінде жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін безендіру мен күтіп-ұстауға қойылатын талаптар

Ескерту. 15-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.12.2020 № 694 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-паранраф. Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін безендіру мен күтіп-ұстауға қойылатын талаптар

389. Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері:

1) қалқалармен;

2) тәуліктің қараңғы мезгілінде автобустарға қалыпты отыру және олардан түсуді, багажды тапсыру мен алуды, деректемелерді оқуды қамтамасыз ететін жарықпен;

3) отырғызу алаңының нөмірі белгіленген автобустарға отырғызу орындарының көрсеткіштерімен;

4) жолаушыларды хабарландыруға арналған дыбыс колонкаларымен;

5) отырғызу алаңдарын жүру бөлігінен қоршау;

